

ҚЫРЫҚТЫҢ БІРІ

Қазақстан экономикасы бәсекеге қабілетті үздік 40 елдің қатарына кірді. Жаһандық рейтингте Испания, Португалия, Польша, Италия және Аргентина сияқты бірқатар ел Қазақстаннан кейін тұр. Қазақстан әлемдегі экономикасы бәсекеге қабілетті елдердің рейтингінде 38-орынға жайғасты. Осылайша Қазақстан ТМД елдері ара-

сында рейтингке енген жалғыз мемлекет атанды. Бұл туралы IMD World Competitiveness Center жариялаған жаһандық зерттеу қорытындысында айтылған. Швейцарияның IMD World Competitiveness Center орталығы жыл сайын жүргізетін зерттеуде әлемнің 70 елінің экономикасы төрт негізгі бағыт бойынша бағаланады. Олар:

экономикалық көрсеткіштер; мемлекеттік басқарудың тиімділігі; бизнестің тиімділігі; инфрақұрылым. Рейтингтің алғашқы ондығына 100 баллмен Сингапур, 95,6 баллмен Гонконг, 95,3 баллмен Швейцария, 94,3 баллмен Тайвань, 94,1 баллмен Біріккен Араб Әмірліктері, 94,1 баллмен Дания, 94,1 баллмен Ирландия, 90,1

баллмен Нидерланд, 88,5 баллмен Швеция және 86,8 баллмен АҚШ кірді. Қазақстан 65,4 балл жинап, жаһандық рейтингте Испания, Португалия, Польша, Италия және Аргентина сияқты бірқатар елден озып тұр. Мемлекеттік басқарудың тиімділігі бойынша Қазақстан 63 балл жинап, 23-ші орынға жайғасты; Бизнестің тиімділігі бойынша 66,5 баллмен 23-ші орынға ие болды; Инфрақұрылым көрсеткіші 46,2 баллды құрап, Қазақстан бұл бағытта 43-ші орынға орналасты; Экономикалық көрсеткіштер бойынша 43,5 балл жинап, 57-ші орынға тұрақтады. Зерттеуде Қазақстанның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері де келтірілген. Елдің жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 306,2 млрд. доллар болып, бұл көрсеткіш бойынша 44-ші орынға тұрақтады. Сатып алу қабілетінің паритеті бойынша жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 45 286,3 долларды құрап, 43-ші орынға жайғасты. Елдің нақты жалпы ішкі өнім өсімі 6,5% болды. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан 6-орында. Халқының саны 20,4 млн. адам Қазақстан 32-ші орынға ие болды. Жұмыссыздық деңгейі 4,6% ел 31-ші орында. Ал тұтыну бағаларының инфляциясы 11,4% болып, 65-ші орынға орналасты.

Сарқылмасын Сыр - Ана!



КӨРМЕ ШЫҒЫНЫ АҚТАЛДЫ МА?

Сырдың бойы күміс көмей, жез таңдай әнші-сазгерлерге, қаламы қарымды ақын-жазушыларға, мың бұралған бишілерге ғана емес, қолынан өнер тамған қолөнершілер мен шеберлерге бай өлке. Шығармашылықтың Отаны ретінде танымал біздің өңір тұрғындары қай кезде де дәстүрді дәріптеп, ұлттық болмысымызды ұлықтап келеді. Қандай да бір бастамалар мен туындыларда, жобалар мен шаралардың төрінен бөлек, күнделікті өмірде де қазақтылық нышан ұмыт болмай, кеңінен насихатталуда.

Ұлтымыздың ұлы өнерін дәріптеу шарасы өз аймағымызда ғана емес, еліміздің Елордасының төрінде де өткізіледі. Мәселен, өткен демалыс бас қаланың тұрғындары үшін Сыр елінің туындыларын танытқан күн болды. Екі күн қатарынан Астана қаласындағы "Qazaq Creative Hub" алаңында Сыр елінің бренд және креативтері өнімдері көрмеге арқау болып қана қоймай, онда арнайы шеберлік сабақтары, ұлттық өнерді дәріптеген концерттік қойылымдар да орын алды. Атап айтар болсақ, тоқылған кілемдер, дәстүрлі негізде жасалған зергерлік бұйымдар, ұлттық киім үлгілері мен креативті әдіспен негізделген дизайнерлік топтамалар, ағаштан дайындалған өнімдер ұсынылса, дәстүрлі ән, бесік пен бесік жырларының жинақ топтамасы да, күріш арқылы салынған туындылар, цифрлық бағыттағы шығармашылық еңбектер де қалыс қалмады. Одан бөлек «Ержеңістің ерекше есептері» кітабының және «Сыр өңірі шеберлерінің қолөнері» атты маркетингтік те жұртшылық қызықтаған туындылар болды. «Qyzylorda» телеарнасының «Syr Travel», «Qyzylorda Expedition», «Құдайы қонақ» секілді креативті тележобалары да назарға ұсынылды.

Ұлттық құндылықтар "Қазақ анимациясы", "Ұлттық зергерлік бұйымдар", "Ағаш бұйымдары мен ұлттық аспаптар", "АІ және цифрлық даму", "Сахна және ашық шығармашылық алаңы", "Дәстүрлі

кілемдер", "Ұлттық иллюстрация және арт аймақ", "Ұлттық киімдер", "Қызылорда Talks", және "Сыр дәмі" атауларымен дайындалған арнайы алаңдар арқылы көрсетілді. Жобаны өткізудегі бір мақсат - ұлттық құндылықтың мәні мен мағынасын сақтай отыра, заманға сәйкес жаңашылдықты енгізіп дәріптеу.



Мәселен, «Creative Aimaq» жобасы аясында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект арқылы жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып, қолөнер бұйымдарының және дәстүрлі өнердің заманауи жаңа әдіспен ұсынылды. Қызылорданың 100-ге жуық креаторының басын біріктірген көрме-жәрмеңкеде жергілікті шеберлердің 21 бағыт бойынша 74 млн. теңгенің өнімдері мен туындылары қойылды. Айта кету керек, облыс бойынша 146 креатордың 120-сы республикалық реестрге енгізіліп, тіркелу деңгейі бойынша өңірлер арасында

Қызылорда облысы 82,2% көрсеткішке жетіп, алғашқы үштіктен көрінді. Ұлттық құндылықты жобалар арқылы креативті негізде жеткізіп жүрген қолөнершілердің бірі - Қарлығаш Ілиясова. Оның түрлі оюмен безендірілген туындыларының қатарында этно стильдегі сөмке, шоппер, қыз жасауы жиынтығы

жоғары бағаланған болатын. Сондай-ақ, ұлттық киім үлгілерім «Сән мен Сахна» халықаралық фестивалінде жүлделі орынға ие болып, Нидерландыдағы сән көрсетілімінде де көпшілік назарына ұсынылды. Астана төріндегі бүгінгі жобаға 1 тоннаға жақын өнімдерімді әкелдім. Елордалық тұрғындар да

ізденімпаз мұғалім халық тарапынан сұраныс артқанын мәлімдеді. - "Астана креатив" залында Қызылорда облысы шеберлерінің өнімдерімен қоса менің де еңбегім жұрт назарына ұсынылды. Жаңа туынды ретінде емес, байырғы есеп жинақтарын жаңа әдіспен ұсыну басты ерекшелік десе де болады. Кітап негізі 2019 жылы жарыққа шыққанымен, соңғы үлгіде жұртшылықтың сұранысына сәйкес қайтадан ұсынудамыз. Менің кітабыма қызығушылық танытып, сатып алып жатқан халықтың қарасы қалың, - деді Ержеңіс Әбді. Сондай-ақ зергерлік өнерді Сыр бойында дәріптеп жүрген шебер Бекзат Жақыпов аталған көрмеге тек туындыларын ғана емес, бұйым жасайтын құралын да ала келген. Өшекей бұйымдарды заманауи үлгіге негіздеп, зергерлік бұйымдарды зерттеп жүрген шебер бүгінде ұлттық аспаптарды да сапалы нұсқада әзірлей біледі. Еңбек еленіп, бүгінде ол Қазақстан Қолөнершілер одағының мүшесі атанды. - Қызылордадан зергерлік бұйымдардан басқа қамшы, саздан жасалған бұйымдар, шаңқобыз және білезік жасауға арналған құралды алып келдім. Тұрғындар тарапынан зергерлік бұйымдарға сұраныс артып, өз нұсқаларындағы сырға, сақина, алқа түрлерінің түрлі дизайндарын көрсетуде. Отыз жылдан аса еңбегімде түрлі бұйымды жасауға әбден машықтандым. Әр тұтынушыма алғыс айтып, сатып алып жатқан әр өнімді жақсы күндерде қолдансын деп лебізімді жеткіземін, - деді Б.Жақыпов. Қуантарлығы, екі күндік жәрмеңкеге бес мыңға жуық адам келіп, 12,1 млн. теңгенің өнімі сатылды. Осылайша Сыр өңірінде ұлттық дәстүрлердің маңызы артып, олар шеберлердің шығармашылық еңбегі арқылы жаңаша түрленіп, заманауи өнім мен кәсіптің, креативті индустрияның дамуына негіз болуда.

А.ӘЛИАРЫСТАН

ЖАҢА ӘКІММЕН ЖАЛАҒАШ ЖАҢАРАДЫ...



Бұрынғы әкім Н.Нәлібаев жасақтаған бүгінгі әкім Ерғешбаевтың билік командасында алғашқы ауыс-түйістер басталды. 2023-ші жылдың қазанынан бастап Жалағаш ауданының әкімі болып келген Ардақ Ыбраимов облыстық кәсіпкерлік басқармасына басшы болып ауысты да, оның орнына облыстық құрылыс басқармасының басшысы Е.Төрәлиев аудан әкімі болып тағайындалды. Алдағы қазан айының 9-ында 49 жасқа (мүшел

жас) аяқ басқалы тұрған Ерлан Кәрімбекұлы аудан басқаруға жас та емес. 49 жастан кейін ентелеп елудің келіп қалатынын ескерсек, енді бір тура бір жылдан соң елағасы жасына жеткелі тұрған Ерлан Төрәлиевтің ауданға басшы

болып келмес бұрын талай мекемеде қызметкер, басшы болып қызмет атқарғанымен, артына сөз ерітпегенін, бөтен іспен айналыспағанын айтар болсақ бүгінгі күн өлшемімен адал әкім боларына сенім де бар.

Ерлан Кәрімбекұлы 1977 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін өнеркәсіп және азаматтық құрылыс, экономика және менеджмент мамандықтары бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын «Фармация» акционерлік қоғамында менеджер болып бастап, кейін мемлекеттік органдар мен жеке секторда түрлі жауапты қызметтер атқарған. 2004-2013 жылдары облыс әкімі аппаратының бас инспекторы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары, басқарма басшысы және облыс әкімінің кеңесшісі болды. 2013-2020 жылдары жеке құрылыс компаниясының директоры, «Мем-сараптама» РМҚ бас директорының бірінші орынбасары, сондай-ақ «Қазақ-стандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және дамыту орталығы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары болып еңбек етті. 2022 жылдың сәуір айынан бастап Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы қызметін атқарып келді.

Жалағаш ауданынан жеткен соңғы ақпараттарда аудан әкімі Е.Төрәлиев тұрғын үй кезегінде тұрған осал топтағыларға арнап салынып жатқан «Ақтерек» жер учаскесінде 50 пәтерлі және дәл осындай "Дәуімбай" елді мекеніндегі 16 пәтерлі үйлер құрылысын көріп, үйлердің сапалы салынып, әрі белгіленген мерзімінен кешіктірмей пайдалануға беруді тапсырған. Жалағаш көнітіндегі теміржол вокзал ғимаратындағы құрылыс жұмыстары да жаңа әкім назарынан тыс қалмаған. Өткен аптаның сенбісінде өткен сенбілік барысын байқаған Е.Кәрімбекұлы: "Жиналған қоқыстар уақытылы шығарылуы тиіс. Мекемелердің қасбеттері сыр-ланып, қоғамдық орындар, көшелер мен жол жиектері таза болуы тиіс" – депті. Демек, айтқан сөзіміздің жалаң болмағаны...

Осындай сеніммен жаманат келтірмес деген үмітпен оны аудан басшысы етіп тағайындаған облыс әкімі Н.Ерғешбаев та біраз тапсырма тапсырды. Сонымен Төрәлиевке Ерғешбаев не тапсырды дегенде: – Ең алдымен инвестиция тарту, салық базасын ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын ашу, кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы маңызды жобаларды жүзеге асырып, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтауда нақты жұмыстар жүргізу қажет, - деді. Сонан соң ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде үздік аудандардың бірі ретінде танылған Жалағаштың ерекше аграрлық потенциалын тиімді пайдалану керек деді. Соңғы жылдардағы су тапшылығын ескере отырып, егісті әртараптандыру, суды аз қажет ететін дақылдар егу және шаруашылықтарға озық технологияларды енгізудің маңызды екенін айтты. Сонымен қатар Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес ірі шаруашылықтар тек егін егіп қана қоймай, мал шаруашылығын да дамытып, жыл бойы жұмыс жасайтын жобаларды жүзеге асыруы керек, - деді. Тапсыруға оңай болғанымен тапсырманы орындау оңай емес. Басқа қызметтерін айтпағанда төрт жылдан астам уақыттан бері облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы болып келген Е.Төрәлиев үшін ауданды абаттандыру, жалағаштықтарды сапалы баспанамен қамтамасыз ету, салынатын әлеуметтік нысандар қатарын көбейту қиын бола қоймас. Жалпы жаңа әкіммен бірге жаңа леп келіп, Жалағаштың жаңаратын жаңа кезеңі келіп тұрғандай.

СЕНЫЛІК МӘНІ ТАЗАЛЫҚ

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында өткен аптаның сенбісінде әдеттегідей өңірдің барлық елді мекенінде жалпыхалықтық сенбілік ұйымдастырылды.

Тұрғындар, қоғам белсенділері және еріктілер айнала- ны тазарту, абаттан- дыру, көгалдандыру жұмыстарына жұмылды.

Жыл басы- нан бері облыста «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясын- да ұйымдастырылған экологиялық шараларға 316 800 ерікті, қоғам белсендісі, бюджет са- ласы мен кәсіпорын қызметкерлері қатысты.

Жүйелі жұмыс нәтижесінде 8 218 тонна қоқыс қалдығы шығарылды. Елді мекендердегі 510 сквер мен парк, 256 тарихи-мәдени ескерткіш, 1 019 әлеуметтік нысан, өнеркәсіптік және бизнес нысандары, су айдындары мен көшелер тазар- тылды. Оған 548 арнайы техника пайдаланылды.

Аймақтың табиғи-климаттық жағдайына бейімделген 88 567 түп көшет отырғызылды.



КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАР ТАБЫСТАЛДЫ

Қызылордадағы Президент саябағында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен коммуналдық мекемелерге 37 арнайы техника табысталды.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей: «Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені, «Таза Қазақстан» – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз».

Президентіміздің бұл игі бастамасы аясында Сырдың бас шаһары – Қызылордада ауқымды жұмыс жүйелі атқарылып келеді. Аймақ тұрғындары да елді мекендердің тазалығы мен көркеюіне ерек- ше үлес қосуда. Туған өлкеміз өзге өңірлерге үлгі болып, тазалық жаршысы атанды. Осы шара тек тазалықты ғана емес, елдіктің белгісін, ауызбірлік пен ынтымақты паш етті. Бұл – біздің нағыз жасам- паз мекен екеніміздің айқын айғағы», – деді Мұрат Налқожаұлы.

Коммуналдық мекемелерге Бүгін берілген 37 арнайы техниканың 32-сі«Қызылорда тазалығы» мекемесінің иелігіне өтті. Олардың 15-і – қатты тұрмыстық қалдық тасу көлігі, 5-еуі – қысқы және жазғы мезгіле арналған аралас қызмет техникасы және 12-сі көше тазалығына арналған.

Ал «Қызылорда су жүйесінің» автопаркі вакуумдық ассенизаторлармен және жылжымалы жөндеу техникаларымен толықты. Озық техникалар коммуналдық саланың жұмысын айтарлықтай жеңілдетіп, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыра түседі.



Кейінгі жылдары барлық саланы материалдық-техникалық жағынан жарактандыруға ерекше басымдық берілуде. Жаңа автобустар алынып, қоғамдық көлік мәселесі шешілуде. Мектеп оқушыларын тасымалдауға автобустар, денсаулық сақтау саласына “жедел жәрдем” көліктері сатып алынуда.

Сонымен қатар орман шаруашылығы, ветеринария салаларына және құдық қорғау органдарына қызметтік автокөліктер де берілді.

Қалалық коммуналдық қызметтерге де жан-жақты қолдау көрсетілуде. Төрт жылдың ішінде облыстық бюджеттен 3,1 млрд. теңге бөлініп, заманауи үлгідегі 82 арнайы техника алынды.

ӨЗ ШӘКІРТІН БОПСАЛАҒАН БАПКЕР...

Қызылорда облысы Сырдария ауданында 16 жастағы қызға өз жаттықтырушысы зор- лық-зомбылық көрсетті деген күдікпен 38 жастағы бапкер қамауға алынды. Осыдан екі жыл бұл оқиға Талдықорған қаласында орын алған. Жәбірленушінің айтуынша, аталған аймаққа команда мүшелерімен бірлесіп көгалдағы хоккей спорт ойынынан жарысқа аттанған. Қалған спортшылар қала аумағын қызықтап жүрген уақытта жәбірленуші қонақ үйде болған. Сол сәтте жаттықтырушы қызға су ұсынған, әрі қарайғы әрекет оның есінде қалмаған көрінеді.

- Менің сусын ішкеннен кейінгі уақытта ештеңе есімде қалмады. Қалай ұйықта- ғанымды, қайда болғанымды және не болғанын білмеймін. Таңертең, шамамен 5-6 шамасында ояндым, артында жат- тықтырушының қасымда жатқанын көріп, қорқып кеттім”, - дейді жәбірленуші.

Күдікті болған оқиға турасында әлдекімге жеткізсе, оған және оның отбасына қысым көрсететінін ескерткен. Тіпті, қыздың бейнесі бар бейнероликті жариялайтынын жеткізіп, өзінің дегенімен жүргізген. Егер де оқиғаны жақындарына айтып, сот болған жағдайда да “менің ағаларым бәрін шешеді” деп бопсалаған. Мұнымен өзгертпей, күдікті өз шәкіртің ақша үшін өзге де ер адамдармен таныстырған көрінеді.

Араға жылдар салып, жәбірленуші бол- ған мән-жәйді жақындарына айтуға бел буған. Алайда, отбасы мүшелері тарапынан күдіктіге көрсетілген қысым әрекет негізінде қыздың ағасы изоляторда болса, анасын үй

қамауына алған. Енді көмелетке толмағанның туыстары тергеудің аяқталуын және істі сотқа беруді күтуде. Олар қылмысқа қатысы бар дегендердің барлығына қатаң жаза қолдану- ды талап етеді.

Жәбірленушінің өпкесі:

- Анама, ініме іс қозғағанды дұрыс деп санамаймын. Ата-ана өз қызының зорланғанын білгенде тыныш тұра ала ма? Мұндай қылмыстық іс туралы білгенде кейбірі күдіктінің көзін құртар еді, бірақ біз оның кетуіне мүмкіндік бердік. Біз бұл қаладан кетуін талап еттік және ешнәрсе сұраған жоқпыз.

Полиция департаменті әзірге күдіктіге қатысты ресми ақпараттардың жариялан- байтынын және істің соңғы нүктесін сот қоятынын жеткізді. Көмелетке толмаған қызды зорлау бойынша істі облыстық полиция қызметкерлері қозғаған. Тергеу барысында зорлыққа қатысы бар деген күдікпен хоккей жаттықтырушысы мен оның танысы қамауға алынды.

- “Екі күдікті ұсталып, соттың санк- циясымен қамауға алынды. Тергеу бары- сы полиция департаменті басшылығының ерекше бақылауында. Тергеу мүддесі үшін өзге ақпарат жария етілмейді”, - дейді. Қызылорда облыстық полиция департаменті басқармасының басшысы Бауыржан Сәуле- беков.

Айта кету керек, Қызылорда облысының спорт басқармасы 16 жасар қызға қатысты зорлық-зомбылық жасады деген күдікті 2024 жылы қызметінен босатылғанын жеткізді.

ҚАЛА КҮНІ МЕРЕКЕСІ АЯСЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Р/с	Іс-шара атауы	Өтетін уақыты	Өтетін орны
1	Қала күні мерекесінің ашылу салтанатына арналған Қызылорда қалалық жастар театрының акустикалық кеші	12 қыркүйек сағат 19:00	Қалалық Жастар театры
2	Қала өнерпаздарының «Dostar FEST» заманауи бағыттағы би кеші	13 қыркүйек сағат 18:00	Орталық алаң
3	«Жастық шағымның куәсі – Қызылорда» облыстық ретро-фестивалі	17 қыркүйек сағат 19:00	Орталық алаң
4	«Kitap Fest» кітап фестивалі	22 қыркүйек сағат 17:00	Орталық алаң
5	«Ұлттық рух пен өнердің ордасы - Қызылорда» атты этно фестиваль	25 қыркүйек сағат 17:00	Өнер арбаты
6	Өуесқойлар арасында шағын футболдан Қазақстан Республикасының чемпионаты	29 қыркүйек пен 4 қазан аралығы сағат 10:00	Сыр ана монументі
7	«Qyzylorda Quest» атты жастарға арналған квест ойындары	5 қазан сағат 10:00	Ф.Мұратбаев атындағы стадион
8	«QYZYLORDA OPEN-2026» республикалық шахмат сайысы	7-8 қазан, сағ 09:00	Орталық алаң және белгіленген орындарда
9	«Мерейлі мерекеңмен, Қызылорда!» атты гала концерт	9 қазан, сағат 18:00	Champion клубында
10	Дзюдодан Kyzylorda Junior Cup 2007-2009 ж.т. Жастар арасында республикалық турнир	09-11 қазан	«Қайсар арена» стадионы
11	Қазақ күресінен жасөспірімдер арасында өтетін «Бала барыс – 2026» республикалық ашық турнирі	12-13 қазан сағат 10:00	№2 ООРМБЖСМ

14 қыркүйек-8 қазан аралығында қаламыздың Орталық алаңы мен мөлтек аудандарында мерекелік концерттік қойылымдар белгіленген кесте бойынша ұйымдастырылады.

ОҚУ ОРЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚАЛАҒА ҚАРАСТЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙЛЕРІ МЕН КЛУБТАРЫНЫҢ ҚАЛА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Р/с	Іс-шара атауы	Өтетін уақыты	Өтетін орны
1	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің концерттік бағдарламасы	14 қыркүйек сағат 17:00	Орталық алаң
2	Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледжінің концерттік бағдарламасы	16 қыркүйек сағат 17:00	Шұғыла м/а Бұқарбай батыр ескерткіші
3	М. Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжінің концерттік бағдарламасы	18 қыркүйек сағат 17:00	Орталық алаң
4	Ақсуат мәдениет үйінің «Қызылорда – тарих пен болшақтың алтын көпірі» атты мерекелік шара	18 қыркүйек сағат 17:00	Титов м/а, Аль-асад» сауда үйі алды
5	Болашақ университетінің концерттік бағдарламасы	21 қыркүйек сағат 17:00	Орталық алаң
6	Талсуат ауылдық клубының «Жаса, жайна Қызылорда!» атты мерекелік шара	23 қыркүйек сағат 17:00	«Ажар сити» сауда үйі
7	С. Майқанова атындағы мәдениет үйінің мерекелік концерті	24 қыркүйек сағат 17:00	алды
8	Қызылжарма мәдениет үйінің «Жаңарған, жарасымды Қызылорда» атты мерекелік концерті	25 қыркүйек сағат 17:00	Тасбөгет кентінің орталық алаңы
9	Белкөл кенті клубының «Тарихы тағылымды – Қызылорда» атты мерекелік концерті	30 қыркүйек сағат 17:00	Қаламгерлер аллеясы
10	Абай мәдениет үйінің «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылорда» атты мерекелік концерті	2 қазан сағат 17:00	Сыр ана монументі
11	Қызылөзек ауылдық клубының «Тарихы терең, келешегі кемел – Қызылордам» атты мерекелік концерті	5 қазан сағат 17:00	Қорқыт Ата мемориалдық кешені
12	М. Ералиева атындағы мәдениет үйінің «Қызылорда – мақтаншым, мерейім!» атты мерекелік концерті	6 қазан сағат 17:00	Орталық алаң
13	Ақжарма мәдениет үйінің «Өткені сырлы, келешегі нұрлы – Қызылорда» атты мерекелік концерті	7 қазан сағат 17:00	Сол жағалау Жастар ресурстық орталығы
14	Қарауылтөбе ауылдық клубының «Жайнай бер, сүйікті Қызылорда!» атты мерекелік концерті	8 қазан сағат 17:00	Орталық алаң

ЖАЛҒАН НӨМІРМЕН ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Арал аудандық сотында азамат А. -ға қатысты Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 590-бабының 4-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға сәйкес А. көше бойында «J» маркалы автокөлігін көрінеу жалған мемлекеттік белгісін тағып басқарған. Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті, өзінің кінәсін мойындаған түсінігі- мен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен дәлелденген.

Сот қаулысымен А. жасаған құқық бұзушылығы үшін кінәлі деп танылып,оған 1 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы және 1 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жаза тағайындалды.

Арал аудандық соты

ТАРАПТАР БІТІМГЕРШІЛІК КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ

Байқоңыр қалалық сотына талап қоюшы С. жауапкер К.-ден алиментті өндіру туралы талап қоюмен жүгінген.

Тараптарға дауды татуластыру рәсімдерінің көмегімен реттеу жөніндегі құқықтары түсіндірілген. Нәтижесінде, тараптар дауды бітімгершілікпен реттеу туралы келісімге келіп, оған сәйкес жауапкер К. балалары көмелетке толған- ша ай сайын 19 АЕК мөлшерінде, бірінші баласы көмелетке толған соң, 14 АЕК мөлшерінде төлеп тұруға міндеттенген.

Сот тараптардың бітімгершілік келісімімен татуласуына байланысты азаматтық іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарды.

Байқоңыр қалалық соты

КӨЛІК ҚҰРАЛЫН БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Қармақшы аудандық сотында Қазақстан Республика- сының ӘҚБтК-нің 608-бабы 1-бөлігі бойынша азамат Р.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Іс құжаттарына сәйкес, азамат Р. көлік құралын алкогольдік масаң күйінде басқарған. Р.-нің әрекеті оның түсінігімен және іске тіркелген құжаттармен дәлелденген.

Сот қаулысымен Р. Қазақстан Республикасының

ӘҚБтК-нің 608-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алынып, 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылды.

Қармақшы аудандық соты

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДЫ ЛАСТАҒАНЫ ҮШІН АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Сырдария аудандық сотында Қазақстан Республи- қасының ӘҚБтК-нің 434-2-бабының 1-бөлігі бойынша азамат Р.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Іс құжаттарына сәйкес, азамат Р. көп қабатты үйдің ауласында темекі шегіп, оның қалдығын арнайы коқыс жәшігіне тастамай, белгіленбеген жерге тастап, ортақ пайдаланатын қоғамдық орынды ластаған.

Құқық бұзушы Р.-нің іс-әрекеті оның түсінігімен және іске тіркелген құжаттармен дәлелденген.

Сот қаулысымен Р. Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 434-2-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 30275 теңге айыппұл салынды.

Сырдария аудандық соты

ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Жаңақорған аудандық сотында азамат Б.-ға қатысты Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 127-бабының 3-бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Анықталғандай, Б.-ның көмелет жасқа толмаған ұлы кешкі уақытта жүргізуші куәлігі жоқ бола тұра, көлік басқарған.

Осылайша, Б. ата-ана ретінде көмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді,көмелетке толмаған баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды орындамаған.

Сотта істі қарау барысында Б.кінәсін мойындап, көлікті басқаруға өзі бергенін көрсетті.

Сот қаулысымен құқық бұзушы Б. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 127-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 86 500 теңге айыппұл салынды.

Жаңақорған аудандық соты

МЕНШІК ИЕСІ: «Желтоқсан и К» ЖШС Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1 Телефон: 23-16-08 23-16-11	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінен тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINТ» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
---	--	--	---	--

Құрылтайдан хабар

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ ҚҰТТЫҚТАУ ҮШІН ЕМЕС!..

Ел әлеуетін арттырып, келешегін келісті, бүгінін бүтін етіп, халықтың тұрмысы мен өмір сүру сапасын жетілдіру мақсатында еңбек етуге ант берген депутаттардың басын біріктірген Құрылтайдың алғашқы пленарлық отырысы өтті.

Бұл басқосудың өзінде біршама өзекті деген мәселелер көтерілді. Әрине, уәде берген Құрылтай депутаттарына қойылатын талап пен отырыс барысында сақталуы тиіс тәртіп те сөз болып, арнайы регламент бекітілді.

Жаңа ережеге сәйкес депутаттарға жұмыс барысында жеке мәселені алға тартып, немесе жұмысқа қатысы жоқ әңгімелерді айтуға тыйым салынды. Мәжілістегідей мінберден туыстарын құттықтауға да мүмкіндік жоқ. Тек Құрылтай отырысында ғана емес, депутат ретінде кез келген жиын мен басқосударда аталған талаптарды орындау міндеттелді.

Депутат Снежана ИМАШЕВА:
- Бұрын Мәжілістің регламентінде ондай шектеу болмаған. Ал Құрылтайда регламентпен бекітіліп отыр.Жеке басқа қатысты ештеңе айтуға болмайды, тек өз өкілеттілігі аясында сөйлеуге рұқсат бар. Құрылтай отырыстарында ғана емес, оның жұмыс консультативтік органдарының жиналыстары кезінде де депутаттық өкілеттіліктерге қатысы жоқ мәселелерді қозғауға болмайды.

Айта кетейік, егер депутаттар тарапынан тәртіпке бас имесе, оларға ескерту беріліп, кешірім сұрауға міндеттелді.

Одан бөлек, Құрылтайдың бір отырысында сөз сөйлеуге, сондай-ақ үш отырысында сөз сөйлеуге де тыйым салу, депутатты Құрылтайдың бір немесе екі отырысынан шығарып жіберу немесе бір күндік жалақыдан айыру жазасы орын алады. Мысалы, өзге де депутаттардың ар-намысына тиетін бейәдеп сөздер айтса, сөз барысында жалған ақпарат таратса яғни тәртіп бұзса, жазалау әрекетіндегі іс әрекеттер жүзеге асады. Олардың сөз және іс-әрекет әдебін ұстануларын немесе тәртіп бұзу әрекеттерін депутаттық этика жөніндегі кеңес қарайды. Әйткенмен, соңғы шешімді Құрылтай сессиясы қабылдайды.

Құрылтай мінберінің негізгі мақсаты ел үшін маңызды мәселелерді көтеру және халықтың мүддесін қорғау болып табылады. Сондықтан халық қалаулылары басты бағыт пен негізгі міндетті қаперге алуы тиіс.

Егер де Құрылтай депутаттары әдепті болса, олардың жалақыларынан шегеру жағдайлары орын алмайды. Ал депутаттық корпусқа тиесілі жалақы мөлшері көпшілікті қызықтырмай қоймасы анық. Бұл сауалға Құрылтай төрағасы орынбасарларының бірі жауап берді.

- «Қазір депутаттардың жалақысы 600 мың мен 1 миллион теңгенің айналасында. Депутаттың еңбек өтілі көп болса, жалақысы 1 миллионға дейін барады», - деді Дания Еспаева.

АУЫЛ мен ҚАЛА БАЛАСЫ ТЕҢ БОЛСЫН!..

Қала мен ауыл балаларының түрлі салада қосымша білімдерін жетілдіріп, бойдағы талантарын аша түсіп, әрі карай дамытуға мүмкіндіктер теңдей емес екені айқын. Бұл бұрыннан өзекті тақырып. Құрылтай отырысында «Ауыл» партиясынан сайланған депутат Шахмардан Байманов үкіметке алғашқы сауалын жолдап, ұсынысын алға тартты.

Құрылтай депутаты Шахмардан БАЙМАНОВ:

- Бүгін Құрылтай отырысында «Ауыл» партиясы фракциясы атынан алғашқы депутаттық сауалдардың бірін ауыл балаларының қосымша білімге қолжетімділігіне арнадық.



Бұл мәселені сайлау науқаны кезінде өңірлердегі кездесулерде ата-аналар да көтерген болатын.Бүгінде мемлекет балаларды қосымша біліммен қамту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Дегенмен ауыл мен қала балаларының таңдау мүмкіндіктерінде әлі де айырмашылық бар.

Мәселе тек үйірменің бар-жоғында емес. Мәселе - таңдау мүмкіндігінде. Сондықтан қолжетімділікті нақты бағалау, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын бақылауды күшейту, «Бір ауыл - бірнеше мүмкіндік» қағидатын дамыту, мобильді үйірмелер мен ауылдағы мамандарды қолдау бойынша ұсыныстар енгіздік.

Ауыл баласының таланты ауылда қалып қоймауы керек. Оқу-ағарту министрлігінің жауабын алғаннан кейін көтерілген мәселелер мен ұсыныстардың іске асырылуын назарда ұстаймыз. Қала мен ауыл баласына мүмкіндік тең болуы тиіс.

Мәселен, өнердің сан түрі мен спорттың бірнеше бағытын толықтай игеру арқылы, заманға сәйкес робототехниканы меңгеріп, IT саласының қыры мен сырын тереңірек үйрене алса, бала бойындағы қабілеттің ашылуы мен келешегіне керек әрекет болмақ.

Айталық, еліміз бойынша 4,1 миллионнан астам оқушы болса, оның барлығы дерлік қосымша үйірмелер арқылы қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік алып жатқан жоқ. Себебі қалада бар мүмкіндіктің көбі шағын және шалғай аудандарда қарастырылмаған. “Ауылдық” Ш.Байманов байқаған бұл тақырып расында қоғамда өзекті. Қала мен ауылда оқушыларға тиесілі мүмкіндік тең болуы тиіс, себебі заманның мүмкіндігі де бар.

ДЕПУТАТТАР - КОМИТЕТ МҮШЕСІ

Құрылтайдың алғашқы сессиясында **Мағжан Ералиев Аграрлық мәселелер, экология және табиғи ресурстар комитетінің мүшесі** болып сайланды. Депутаттыққа дейін ол агроөнеркәсіп кешенін дамытуға, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға және ауылдағы шаруашылықтың алға жылжуы үшін берілетін жеңілдіктер мен несиелердің тиімділігі турасында сөз қозғап, сайлауалды сұхбатында атап өткен болатын.

Сонымен бірге депутат **Серік Қожаниязов Экономикалық саясат комитетінің құрамына кірді**. Оның тәжірибесі ескеріліп, аталған комитеттің мүшесі атанды. Әйткені ол мемлекеттік басқару ісінен бөлек, экономика, ауыл шаруашылығы, табиғи ресурстар және өңірлік даму бағыты бойынша жұмыс істеді.

Ал, **Шахмардан Байманов Құрылтайда Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі** болып бекітілді. Оның мемлекеттік басқарудағы көп жылдық тәжірибесі, жастар саясаты және облыстық деңгейдегі басқару қызметтері ықпал болды.

Нұркен Бақытбекұлы Конституциялық заңнама сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетіне кірді.

ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ҚАЛАЙ?

Қызылордалықтардың үкілеген үміттерін арқалап, жұртшылыққа уәде беріп сыр елінен аттанған халық қалаулыры Құрылтайдың алғашқы пленарлық отырысында белсенділік танытып үлгерді. Бірі өзінің абыройлы болуын тілесе, енді бірі ауыл балаларының қосымша білімін алға тартты. Келесісі халық сенімін іспен дәлелдеу керектігін жеткізсе, тағы бір депутат арнайы жұмыс топтың жетекшісі болып сайланғанын тілге тиек етті. Бұл туралы депутаттар әлеуметтік желідегі парақшаларында жариялады.



Құрылтай депутаты Нұркен БАҚЫТБЕКҰЛЫ:

- Бүгін спикер Айбек Арқабайұлы Дәдебайдың төрағалығымен Құрылтай отырысы өтті.

Күн тәртібінде Қазақстан Республикасы Құрылтайының Регламенті қаралып, қабылданды.

Аталған Регламент Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының нормаларына және «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес әзірленді. Құжат Құрылтай депутаттарының қызметін реттейді.

Құрылтай депутаты

Серік ҚОЖАНИЯЗОВ:

- Елдің экономикасын әртараптандыру, шикізат ресурстарын сыртқа тасымалдауға деген тәуелділікті төмендетудің басым бағыттарының бірі – мұнай-газ химиясы өнеркәсібінің дамыту.

Сондықтан Құрылтайда «Мұнай-газ химиясы өндірісі туралы» заң жобасын әзірлеу жөніндегі арнайы жұмыс тобының жетекшісі болдым.Аталған комитет ел экономикасының негізгі бағыттары: жер қойнауын пайдалану, мұнай және газ, энергетика, атом энергетикасы, өндіріс, инвестиция, сауда, экономикалық интеграция және бәсекелестікті қорғау салаларын қамтиды.

Сонымен қатар мұнай қоры сарқылып келе жатқан өңірлердің экономикасының тежелуіне жол бермеу шараларын әзірлеп іске асыру қажет. Осы бағытта «Экономикалық саясат, өндіріс және энергетика» комитетінің кезекті көшпелі отырысын менің ұсынысыммен 2027 жылы ақпан айында «Мұнай қорын және мұнайдың шығымдылығын ұлғайтудың жаңа тетіктерін пайдалану» тақырыбында Қызылорда облысында өткізу жоспарланды.



Құрылтай депутаты Мағжан ЕРАЛИЕВ:

- Бүгін Құрылтайда маңызды жұмыс күні өтті.Спикер Айбек Арқабайұлы Дәдебайдың төрағалығымен өткен отырыста Құрылтайдың жаңа Регламенті қабылданды.Жаңа Регламент еліміздің Конституциясына сәйкес Құрылтай жұмысының негізгі тәртібін айқындап, депутаттардың қызметі мен заң шығару үдерісін жүйелейді.

Бұл – жанарған Құрылтайдың алдағы жұмысын нақты тәртіпке түсіретін маңызды құжат. Ендігі міндет – қабылданған тәртіп аясында елдің өзекті мәселелерін көтеріп, халық сенімін нақты іспен ақтау.

Құрылтай депутаты Ирина ТЕН:

- Құрылтай жұмысының жаңа тәртібі қандай болады?

Жаңа Регламент жобасында бір палаталы Құрылтайдың жұмыс істеу тәртібі нақты айқындалған.

Ең басты өзгерістердің бірі: енді заң жобалары үш оқылымда қабылданады. Бірінші оқылымда заң жобасының негізгі мақсаты мен мазмұны талқыланады.

Екінші оқылымда депутаттар ұсынған нақты түзетулер қаралады.

Ал үшінші оқылымда заң жобасының соңғы нұсқасы қаралып, оның Конституцияға сәйкестігі тексеріледі.

Сонымен қатар шешім қабылдауға қажетті дауыс саны, халықаралық шарттарды қарау тәртібі және депутаттық әдеп мәселелері де нақты белгіленген. Яғни, жаңа Регламенттің негізгі мақсаты - Құрылтай жұмысын жүйелі, түсінікті әрі жауапты ету. Абырой берсін!



ОҚУШЫЛАР ДҰРЫС АМАНДАСАДЫ МА?

Құрылтай құрамымен өткізілген жиында балалар мүмкіндігінен тыс, амандасу әдебін меңгерту қажеттігі де сөз болды. Мектеп оқушыларының қоғамдық орында орынды амандасуды әдетке айналдыру бір реттік акция немесе тәрбие сағаты арқылы ғана дәріптелмеуі керек. Мектепте амандасу әдебін енгізу қажеттегін ұсыныс етіп депутат Ерлан Сайыров атап өтті.

Құрылтай депутаты Ерлан САЙЫРОВ:

- Қазақ қоғамында да амандасудың өзіндік қалыптасқан жүйесі болған. Бұл дәстүрлердің астарында үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, ағайын арасындағы байланысты сақтау сияқты құндылықтар жатыр. Қазақ сәлемдесуінің басты ерекшелігі ұстамдылық. Сәлемдесу

– сол мәдени кодтың ең қарапайым, бірақ ең терең белгілерінің бірі. Ал мәдени код үлкен ұрандардан емес, күнделікті әдеттен басталады.

Сонымен қатар ол өз ұсынысында амандасу әдебі бойынша нақты әдістемелік ұсыныстарды дайындауды, мектептерде амандасу әдебін күнделікті тәрбие жұмысының тұрақты элементі ретінде енгізуді, сынып сағаттары, мектеп ережелері, тәлімгерлік, ата-анамен және педагогтермен жұмыс,мектепте күнделікті амандасу әдебін орнықтыруды және мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру жүйелерімен бірлесіп, ұлттық әдеп нормаларын заманауи тәрбие жұмысының мазмұнына енгізу қажеттігін атап өтті.

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

Құрылтай төрағасы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен отырыста I шақырылымдағы Құрылтай депутаттарының халықпен тікелей байланыс орнату мақсатында қоғамдық қабылдау жұмыстары жүргізілетіні мәлім болды.

Қоғамдық қабылдаудың кестесі, тәртібі және оны ұйымдастыру жұмыстары, негізгі қадилары дайын. Айта кету керек, кәсіби тәжіришелері ескеріліп, қоғамдық қабылдаудың жұмысын жүргізу Құрылтай депутаттары Константин Авершинге, Айжан Аймағановаға және Шолпан Қариноваға тапсырылды. Бұл туралы вице-спикер мәлімдеді.

Құрылтай Төрағасының орынбасары, депутат Динара ЗАКИЕВА:

– Құрылтайдың Қоғамдық қабылдауының ашылуы Мемлекет басшысының «халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру жөніндегі бастамасын іске асыру жолындағы маңызды қадам екенін атап өткім келеді. Бұл азаматтармен тікелей қарым-қатынас орнатуға, олардың өтініштері мен ұсыныстарын зер салып қарауға, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің тиімді өзара байланыс жасауына арналған алаң болмақ.

Азаматтар өздерін толғандырған сауалдар мен ұсыныстар легін енді қоғамдық қабылдау арқылы Құрылтай депутаттарына тікелей жеткізіп, тиесілі жауаптарын ала алады.

Халық қалаулыларымен кездесуді Құрылтайдың ресми сайты арқылы электрондық өтініш жолдау, жазбаша немесе қолма-қол өтініш беру, сондай-ақ Қоғамдық қабылдауға тікелей ауызша жүгіну арқылы жоспарлауға болады.

ӘЛЕМЖЕЛІ ӘДЕБІ САҚТАЛАДЫ МА?

Әлеуметтік желіде өзін блогер ретінде таныстыратын тіркелушілердің түрлі контент жариялымдарына әрқилы тақырыптар арқау болуда. Олар қандай мағынада видеоролик түсіріп, желіге жарияласа да түпкі мақсаттары көрсеткіштерін көтеріп, қомақты қаржыға ие болуда ғана. Ал, әлеуметтік желінің әдебі сақталмаса үйдегі біржақты тәрбиенің маңызы шамалы. Баяғы көгілдір экраннан жақсы дүниелер көрсету керек делінген қағиданың да заманы кетті... Себебі, көк жәшіктің кішісі қазір әр үлкен мен кішінің қолында. Ал сол ұялы байланыс көрсетіліп және айтылып жатқан керекті, әрі керексіз ақпараттарға толы.

Құрылтайдың алғашқы пленарлық отырысында осы тақырып көтерілді.Депутат Жарқынбек Амантайұлы бүгінде әлеуметтік желідегі тікелей эфирде адамды қорлау, балағат сөз айту, ар-намысына тиіп, қауіпті пранктер ұйымдастыру жиілеп бара жатқанын айтты.

Депутат Жарқынбек АМАНТАЙҰЛЫ:

- Стримерлердің көйбірі мұны әдейі жасайды. Себебі дөрекі әрі арандатушы контент көп қаралым жинайды. Ал қаралым лайк пен донатқа, кейде жарнамадан түсетін табысқа ұласады. Сөйтіп, заңға қайшы әрекет кей жағдайда ақша табудың құралына айналып отыр. Кейбір стримерлер

көрермен жинау үшін әдейі жанжал ұйымдастырады. Адамды мазақ етеді, қорлайды. Тіпті, тікелей эфирлерде айтуға ауыз бармас анайы әрекеттерге баруы да жиілей түскен.

Тәрбие мен тәртіптің түпкі көзі тек үйдегі “болмайды, болады” деген қатаң сөзбен ғана емес, қолдағы смартфонның жетегіне де тікелей байланысты. Онда айтылар сөз де, көрсетілер бейне де арнайы талап негізінде жарияланса, ұят пен ардан аттамаса, әдепсіз әрекеттерге бой алдырмаса деген көпшілікті толғандырған көп мәселенің бірі де осы еді. Халық қалаулысы “треш-стриминг” ұғымын заңнамалық тұрғыдан нақты айқындап, зорлық-зомбылықты, қауіпті пранктерді, қорлау мен әдейі арандатушы әрекеттерді тікелей эфирде насихаттағаны үшін жауапкершілікті күшейту қажеттігін, “TikTok”, “YouTube” және басқа да платформалармен бірлесіп, талапқа сай емес тікелей эфирлерді жедел анықтау, бұғаттау, эфирге шығу арқылы ар-намысқа, қадір-қасиетке нұқсан келтірмеуге, тікелей эфирлер мен әлеуметтік желілердегі заңдылықтан тыс қоғамға ашық ақпарат берушілерді тиісті жазасын алу қажеттігін жеткізді.

Өрине, Құрылтай депутаттарының алға тартқан мәселелерінің мәні мен мағынасы әрі маңыздылығы қуантады. Ал нәтижесі уақыт еншісінде...

А.ӘЛИАРЫСТАН

Аудан жаңалықтары

АРАЛ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР – АРАЛҒА ЖАНАШЫР

Арал ауданында «Арал өңірін тұрақты дамытудағы халықаралық ынтымақтастықтың рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шара Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы комитеті ұйымдастырған халықаралық ұйымдар мен дипломатиялық қоғамдастық өкілдерінің Қызылорда облысына сапары аясында өткізілді.

Кездесудің негізгі мақсаты – Арал өңірінің тұрақты дамуына, экологиялық ахуалды жақсартуға, су ресурстарын тиімді пайдалануға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жобалар мен бастамаларды талқылау.

Дөңгелек үстелге Халықаралық Аралды құтқару қорының, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдардың, Франция Елшілігінің, Француз даму агенттігінің (AFD), ЮНИСЕФ-тің, аудан әкімдігінің, білім беру мекемелері мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Талқылау барысында Қазақстан–Франция ынтымақтастығының перспекти-валары, Арал теңізі бассейні мен Орталық Азиядағы халықаралық жобалар, сондай-ақ Арал өңірінде жүзеге асырылып жатқан «Су және білім беру» жобасының нәтижелері таныстырылды.

Кездесудің маңызды бөлігі ашық пікірталасқа арналды. Қатысушылар халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту, инвестициялар тарту және Арал өңірінің тұрақты дамуына бағытталған бірлескен жобаларды іске асыру мәселелері бойынша пікір алмасты.

ҚАРМАҚШЫ

«АҚЖАРДЫҢ» АЛҒАШҚЫ ОРАҒЫ

Жыл бойы маңдай терін төккен диқан қауымының еңбегі ақталатын жауапты кезең басталды. Бұл – еңбек пен ырыстың сабақтастығын дәріптейтін тағылымды мереке. Осы мақсатта "Ақжар" ауылында ел ырысын еселеген еңбек адамдарының еңбегін ұлықтап, 2026 жылғы егін жинау науқанының басталуына арналған «Алғашқы орақ – 2026» салтанатты іс-шара өткізілді.

Кездесуде аудан әкімі Жандос Еркінбек сөз сөйлеп, құттықтауын жеткізді.

– Егін егу – үлкен еңбек болса, оны ысырапсыз жинап алу – одан да үлкен жауапкершілік. Алдымызда аса маңызды егін жинау науқаны тұр. Осы кезеңде барлық шаруашылықтар мен жауапты мекемелер ұйымшылдық танытып, техникалардың дайындығына, еңбек қауіпсіздігіне және жиналған өнімнің ысырапсыз сақталуына ерекше назар аударуы қажет, - деді аудан басшысы.

Аудан бойынша биыл 25 231 гектар жерге егіс орналастырылып, оның ішінде



негізгі дақыл – күріш 11 449 гектарға егілген. Сондай-ақ су тапшылығы жағдайында суды тиімді пайдалану мақсатында 600 гектар егістік алқапта су үнемдеу технологиялары қолданылуда.

Іс-шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Мереков пен «Ораз Ахун ЛТД» ЖШС директоры Жомарт Жалғасбеv ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлеріне ақжарма тілектерін айтып, диқандардың еңбегін ерекше атап өтті.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылып, «Ақ әжелер» ансамблі мен аудан өнерпаздары өз өнерлерін ортаға салса, қарияларымыз ақ батасын беріп, көптен күткен «Алғашқы орақ» рәсімі өткізілді.

СЫРДАРИЯ

ЕГІНЖАЙ ЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІ...

Шіркейлі ауылындағы «Мәді Қажы» ЖШС-нің егіс алқабына орақ түсті. Егінге орақ салу рәсіміне аудан әкімі Берік Сәрменбаев, қоғам қайраткері, Сырдария және Жалағаш аудандарының Құрметті азаматы Батырбек Мәншарипов, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Өжікенов, облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов, ауыл шаруашылығы құрылымдарының төрағалары мен ардагерлер, шаруашылық қызметкерлері қатысты.

жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Нәтижесінде, жыл сайын аграрлы ауданымыз егін шаруашылығы бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді. Биыл да сырдариялық дала еңбеккерлері күріштен мол өнім жинайды деген сенім бар. Жалпы, биыл ауданда 33 939 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылса, оның ішінде күріштің көлемі 18 541 гектарды құрады. Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде су үнемдеу және суды тиімді пайдалану

ауыл шаруашылығы саласының дамуына өз үлесін қосып келеді. Шіркейлі ауылының егінжай ерлері тынымсыз еңбек етіп, Сыр дақылының күтімін жасады. Серіктестікте биыл 1000 гектарға күріш егіліп, 1000 гектар жоңышқа алқабы күтімге алынған. Шіркейлілік диқандар ала жаздайғы еңбектің өтеуін көретін алтын күзге жарқын көңілмен жетті. Бүгінгі алғашқы орақ – маңдай термен атқарылған жұмыстың нәтижесін айқындайтын маңызды кезең. Дала еңбеккерлерінің еңбегі еселеніп, науқанды табысты аяқтайтынына сенім білдіремін, – деді Берік Өбдіғаппарұлы.

Іс-шара аясында ауыл шаруашылығы өнімдері және жеке кәсіпкерлер көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар халқымыздың салт-дәстүрі мен ұлттық мәдениетін дәріптейтін көрмелер жасақталып, онда қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі мен жөн-жоралғылары кеңінен көрсетілді.

Дала күні іс-шарасында қоғам қайраткері, Сырдария және Жалағаш аудандарының Құрметті азаматы Батырбек Мәншарипов сөз сөйлеп, дала еңбеккерлерін жаңа егін орағының басталуымен құттықтады. Мерекелік іс-шарада ауыл шаруашылығы саласының дамуына үлес қосып жүрген бірқатар азаматқа аудан әкімінің “Алғыс хаты” табысталды.

ШИЕЛІ

ОСАЛ ТОПТАҒЫЛАРҒА ҮЙ САЛЫНУДА



Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков жауапты сала басшыларымен бірге аудан аумағында әлеуметтік осал санаттағы отбасылар үшін жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс барысын аралап, атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Қазіргі таңда аудан тұрғындарын баспанамен қамту, әсіресе әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарға қолжетімді тұрғын үй ұсыну бағытында бірқатар жұмыстар жүзеге асырылуда. Осы мақсатта Шиелі кентіндегі «Шұғыла» және «Бәйтерек» шағын аудандарында тұрғын үйлердің құрылысы жүргізілуде.

Жаңа тұрғын үйлердің бой көтеруі – аудан халқын баспанамен қамту мәселесін шешуге бағытталған маңызды жобалардың бірі.

ЖАНАҚОРҒАН

ОТБАСЫЛЫҚ ЕГІСТІҢ ТАРЫСЫ...

Аудан әкімі Жарқынбек Ғалымжан Қожакент ауылындағы «Арай» шаруа қожалығының егістік алқабында болып, күріш орағының барысымен танысты.

Биыл ауданда 38 232 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылса, оның 6 756 гектарын күріш егістігі құрайды. Қазіргі таңда 1 813 гектар күріш орылып, оның 1 174 гектары бастырылды. Орташа өнімділік – 45,2 центнер.

Қожакент ауылдық округінде биыл 1 540 гектар күріш егілді. Ал «Арай» шаруа қожалығы 213 гектар алқапқа күріш орналастырып, бүгінде оның 84 гектарын жинап алды. Орташа өнімділік 48 центнер.

Сондай-ақ аудан басшысы Көктөбе елді мекеніне барып, отбасылық егіс алқаптарындағы жұмыстардың барысымен танысты. Өткен жылы тұрғындардың өтінішіне сәйкес облыс әкімдігінің қолдауымен ауылдық округ аумағынан отбасылық егіс үшін 250 гектар жер бөлінген. Бүгінде оның 70 гектарына тары егіліп, 20-дан астам отбасы еңбек етуде.

Егістік алқаптарды сумен қамтамасыз ету мақсатында Келінтөбе магистральды каналына дейін электр желісі тартылып, трансформатор мен электр насосы орнатылды.

ҚАЗАЛЫ

ЕСМАХАНОВ ПЕРЗЕНТХАНАҒА БАРДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудандық көпбейінді орталық ауруха-наның перзентхана бөліміне арнайы барып, жас аналарды "Отбасы күні" мерекесімен құттықтады.

Мерекелік кездесуде аудан басшысы отбасындағы береке мен бірліктің, бала тәрбиесі мен ұрпақ саулығының маңыздылығына тоқталды. Жаңа

бақытты балалық шағы мен жарқын болашағы ең алдымен отбасындағы тәрбие мен жылулықтан басталады. Сондықтан жас отбасыларды қолдау, ана мен баланың денсаулығын сақтау – басты назардағы бағыттардың бірі. Ауданымызда 2025 жылы мемлекетке қайтарылған активтер есебінен аудандық көпбейінді орталық

елді мекендерде кезең-кезеңімен жаңадан дәрігерлік амбулаториялар салынып, медициналық нысандар қайта жаңғыртудан өтуде. Сондай-ақ бұған дейін аудандағы денсаулық сақтау ұйымдарына 26 дана жедел жәрдем автокөлігі табысталып, ауданда санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толыққанды шешілген болатын», – деді



босанған аналарға ізгі тілегін жеткізіп, сәбилерінің бауы берік, дендері сау болып өсуіне тілектестігін білдірді. Сондай-ақ Президентіміздің, Үкіметтің және облыс әкімінің қолдауымен өңірдегі денсаулық сақтау саласында, оның ішінде ана мен бала денсаулығын қорғау бағытында атқарылып жатқан игі жұмыстарды атап өтті.

– «Отбасы – адам өміріндегі ең қастерлі құндылық. Әрбір баланың

аурухана ғимаратына жаспарлас 42 төсектік кардиология және инсульт орталығының құрылысы жүргізіліп, өткен жылдың желтоқсан айында нысан пайдалануға берілді. Орталықта құны 326,6 млн теңге болатын компьютерлік томограф аппараты іске қосылса, жыл соңына дейін аудан тұрғындары үшін өзекті мәселелердің бірі болып келген МРТ құрылғысы орнатылмақ. Бұдан бөлек аудан орталығы мен ауылдық

Алмасбек Өбілқасымұлы.

Аудан басшысы жас аналарға гүл шоқтары мен арнайы сыйлықтар табыстап, отбасыларына амандық, шаңырақтарына шаттық пен береке тіледі.

Аудандық көпбейінді орталық аурухананың перзентхана бөлімінде өткен жылы 1059 сәби дүниеге келсе, биыл жыл басынан бері 847 нәресте дүниеге келген.

Акмешіт Акшамы

5 бет

Ибраш Жапақов 1908 жылы Ақтөбе облысының Ырғыз ауданындағы Тәуіп ауылсоветінің №29 -шы ауылында туған. 1924 жылы комсомолға өтіп, Қызылорда облысы Арал қаласында орта мектепті орысша бітірді. Өзбекстанда Көкілташ медресесінде екі жыл оқыған. Тарихта «Сарбаздар көтерілісі» деген атпен қалған 1930 жылғы Ырғыз өңіріндегі шаруалар көтерілісіне қатысқан Жапақов Абдолланың ұлы болғандығы үшін 10 жылға сотталып, Коми АССРі «Севжелдорлаг» – Еңбек түзеу лагерінде азапты күндерді басынан кешкен. Хикаят қызы Ибрашева Светлананың айтуы бойынша жазылды.

1934 жыл. 1931-1933 жылдарғы ашаршылықтың зардабынан ел еңсесін тіктей алмаған кез. Өткен жылы қазақ елі басшылығынан қанқұйлы Голощекин кетіп, орнына Левон Мирзоян тағайындалғалы елге жылымық келгендей болған. Үш жылға созылған сұрапыл ашаршылықтан аман қалған шаруалар тырбанып тірлік ете бастаған. Тұрар Рысқұловтың бастамасымен Монғолия мемлекетіне Жаманмұрынов бастаған арнайы делегация жіберіп, 8000 бас ірі қара мал басын (түйе, асыл тұқымды бұқа) жеткізу мәселесі қарастырылып жатқан. Ендігі мақсат ашаршылықтан тұралаған халықты егіншілікке, сол арқылы отырықшылыққа бейімдеу. Қазақстан үкіметі Қырғызстаннан оншақты вагон тұқымдық бидай алуға келіскен.

Қазақстан автономиялық республикасы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ұзақбай Құлымбетов тоғыз жолдың торабы болып отырған Луговая станциясына келді. Батысқа да, солтүстікке де, шығысқа да апаратын жолдың бөрі осы арадан тарайды, әрі Қырғызстанның астанасы Фрунзе қаласына ең жақын станция да осы. Үкімет басшысы тұқымдық астықтың тоналып, талан-таражға түспеуі үшін қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуге жауапты қызметкерді станция бастығының кабинетіне шақыртты. Кабинетке бойы екі метрге жуық, жасы 25-26-ның шамасындағы жас жігіт кірді.

Станция бастығы оны пойыз вагондарының техникалық сапасын тексеретін маманы Ибраш Жапақов деп таныстырды.

Ибрашпен оңаша сөйлескен Ұзақбай Желдірбайұлы Қырғызстаннан станцияға жеткізілген бидай тұқымдары тиелген вагондарды құпия, әрі жедел түрде Алматыға жеткізу міндеті тұрғанын айтты. Вагондардағы жүктің бидай екенін ешкім білмеуі тиіс. Біліп қойса аш халық жаппай тонауға кірседі. Оны тоқтатуға үлкен қарулы жасақ керек. Қақтығыс болып, адам шығыны орын алса үлкен абыройсыздыққа ұшыраймыз деп қатаң ескертті.

– Қолымнан келгеннің бәрін жасаймын, астықтың бір түйірін де ысырап етпей жеткізуге тырысамын. Маған сеніңіз, аға, - деді Ибраш.

– Алматыға келгесін міндетті түрде хабарлас, - деп Ибрашқа сынай қараған Үкімет басшысы алып тұлғалы, құрыш қолды жігітке көңілі толғандай болып, сөзі салмақты, келбеті келіскен, қандай ісі болса да сеніп тапсыруға болатын алып тұлғалы, құрыш қолды азамат екен деп ой түйді.

Бірнеше күннен кейін астық тиелген вагондар тіркелген эшелон да келіп жетті. Ибраш вагондарды Алматы бағытына жүретін пойызға тіркемес бұрын алдын-ала дайындатқан арнаулы брезент жапқыштармен қымтап,күзет қойғызып, өзі де осы пойызбен Алматыға жетті. Астықты қабылдап алатын жауапты кісілерге табыстап, көңілі бірленген соң, Ұзақбай Құлымбетовке хабарласты, ол тезі-рек келуін өтінген соң кідірместен сонда тартты. Үкімет басшысының кабинетінде үш-төрт кісі отыр екен. Ұзақбай Құлымбетов орнынан тұрып, Ибраштың қолын алып амандасты. Тапсырманы тиянақты орындағанына ризашылық білдіріп, өзіңдей білікті, көзі ашық, қазақша-орысша оқи да, жаза да білетін сауатты азаматтарды ел басқаруға тарту қажет деген тұжы-рымын айтты. Бұл үшін арнайы білім алуың керек, ол жағын өзім ойлас-тырармын, жұмысыңа бара бер, хабар өзімнен болады деп жылы қоштасты.

Көп ұзамай Ибраш Жапақов Мәскеу қаласындағы Жоғары әскери транспорт мектебінде жолдама алды. Жаңа заманға тезірек бейімделу керек екенін тезірек ұғынған, 16 жасында комсомолға өтіп, 23 жасында больше-виктер партиясының қатарына кірген талапты жас оқуға құлшына кірісті.

Алаңсыз білім алсам деген арманы оп-оңай орындала қалған жоқ. Есіл дерті оқу, бар арманы білім алу болып, қамсыз, уайымсыз жүрген Ибрашты транспорт бөлімінің қауіпсіздік органы

тергеуге шақырды. Әкесі Жапақов Абдолла кеңестік жүйеге қарсы көтері-лісшілер қатарында болған, ірі бай тұқымы деген арыз түсіпті. Арызды өзі туып – өскен Ырғыз өңірінің қазағы жазыпты.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының соңында мал бағумен тірлік кешкен қазақтардың арасындағы ауқаттылардың мал-мүлкін тартып алған кәмпескелеу науқаны, одан кейін тұрғылықты үй – жай қарастырылмаған, егін егетін техника тұрмақ қарапайым тырма мен соқасы да сайланбаған елді жаппай колхоздастыру арқылы отырықшылыққа мәжбүрлеу салдарынан қазақ даласында орын алған көптеген толқулардың бірі Ырғыздағы шаруалар көтерілісіне ұласқан. Ет, жүн және басқа салықтарды төлей алмай, қыспаққа ұшыраған халық 1929 жылдың аяғы мен 1930 жылдың басында жаңа өкіметке ашық қарсы шығып, «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Жерлер иелеріне қайтарылсын!», «Хандық жасасын!», «Мешіттерді қирату тоқтатылсын!»

ТАҒДЫР

деген талаптар қойды. Бар қарулары қылш пен найза, қамшы, аздаған аңшы мылтықтары болған шаруалар от қарумен жарақталған кеңес әскеріне төтеп бере алмай, қырғынға ұшырады. Бар тірлігі, күн көрісі малмен ғана байланысты болған қазақтың қырғанын қырып, аман қалғанын абақтыға жапты, жер аударды. Арызға әкесі Абдолланың осы көтеріліске қатысқаны негіз болған.

Тергеуші орган Ибраш қызмет еткен Луговой стансасы да бағынатын Түрксиб НКВД органына сұрау салды. Ибраш Жапақов күдікті элемент ретінде партиядан шығарылды. Лубянка түрмесінің нанын жеп, суын ішіп, екі ай тергеуде жатты. Өкесі ұсталған соң өзінің есімін, тегін өзгерткенінің пайдасы осы жерде тиді. Жапақовтың ісіне қатысты салынған сұрауға оның байдың тұқымы екендігін дәлелдейтін айғақты материалдар жоқ деген жауап келді. Мәскеу қаласынан шықпауға қолхат беріп, босанып шықты.Бір өкініштісі оқу аяқсыз қалды. Жалғастыруға рұқсат етілмеді. Бұл да келешек өміріме сабақ боларлық жағдай екен деп ой түйді, Ибраш.

1935 жыл. Луговой стансасына келіп, бұрынғы қызметіне қабылдауын өтінген, өтініші қанағаттандырылмады. Қайтадан Алматыға барып, Ұзақбай Құлымбетовтың қабылдауында болып, басынан өткен жәйттердің бәрін баяндап берді. Ұзекең кабинетіне Қазақ автономиялық республикасының Оқу-ағарту халық комиссары Темірбек Жүргеновті шақырып алып, жас жігітке көмектесуін өтінді.

Темірбек оны Оқу - ағарту халық комиссариатына ертіп келді. Еңселі ғимарат бұрынғы губернатордың үйі екен. Екеуі ұзақ сөйлесті. Ибраш бұрын Көкілташ медресесінде, одан кейін орыс-қазақ мектебінде, Мәскеудегі әскери транспорт мектебінде оқығанын жеткізді. Әкесі Абдолла мен ағасы (әкесінің інісі) Серғазы большевиктер партиясының елге салған ылаңына қарсы ұйымдастырылған Ырғыз өңіріндегі Тоқалар көтерілісіне қатысқаны үшін атылып кеткенін айтты. Азан шақырып қойған Ыбрахым деген өз аты мен інісі Абылайханның атын өзгертіп, өзін Ибраш, інісін Аблаш деп жаздырғанын баяндап берді. Ұзақбай ағасының теміржолшылар оқуына түсу үшін Мәскеуге жолдама бергенін, сыртынан ауылдастары халық жауының баласы деп шағым түсіріп, абақтыға түскенін, Абдолланы әкем емес, ағам деп амал жасағанының пайдасы тиіп, байдың баласы екенін ешкім дәлелдей алмай, Лубянкада екі ай жатып босап шыққанын айтты. Осының бәрін мұқият тыңдаған Темірбек Жүр-генов оған Луговойға бара бер, Ұзақбай Желдірбайұлы қызметіңе қайта орналасу жолын реттейді,керек кезде өзім тауып аламын, өткен өмір деректерің жайында сыр ашпа деп қатаң тапсырды. Жол қаражатың болсын деп бір бума ақша ұсынды. Ибраш алғысы келмеген, алда сені талай сынақ күтіп тұр, қажетіңе жара деп алмасына қоймады.Ұзақбай мен Темірбектей азаматтары бар елдің болашағы жарқын, келешегі кемел деген сеніммен аттанған Ибраш қайтадан Луговойға келіп, қызметіне кірісті.

1935 жыл. Ибраштың атына

жазылған ҚАССР халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтің қолы қойылған Ленинградтың темір жол академиясына жолдама келді. Қуанышы қойнына сыймаған Ибраш келесі ұлымның есімін Темірбек қоямын деп өз - өзіне серт берді.

ЗОБАЛАҢ

1937 жылдың ортасы. Ибраш Жапақов Аягөз станциясының бастығы. Отбасылы, екі баласы бар, келіншегі Гүлсім үшінші бөпесіне аяғы ауыр. Осыдан алты ай бұрын ғана Ресейдің құрамынан шыққан Қазақстан автономия статусын өзгертіп, Кеңес Одағының құрамындағы дербес Қазақ Советтік Социалистік Республикасы атанған. Осы тарихи оқиға өткен жылдың мамыр айында ұйымдастырылған Мәскеудегі «Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде» халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтің басшылығымен қазақ халқының әдебиеті, өнері мен мәдениеті КСРО кеңістігіндегі ешбір ұлттан кем еместігін Мәскеу жұртына дәлелдеп берген, өнерсүйер қауымға

зар болғанда қандай жауап керек болса, соны айтуға, тағылған айыптарды сөзсіз мойындауға әзір болады екенсің. Тұтқынды қорлаудың ең жабайы түрі – адамды тырдай жалаңаш қойып жауап алғаны. Кеудеңнен жаның шыққанда, мәйіт күйінде ғана ашылатын абыройыңды тірі күнінде өзгенің көруі адамзат тарихында кездеспеген шығар. Түрмесі ме, ату жазасы ма...не болса да тезірек болса екен деп тіледі. Тергеушілер туған ауылына сұрау салып, әкесі Абдолла, оның інісі Серғазы бай болғанын, Қарақұм көтерілісіне қатысқандарын айғақтайтын құжаттар алдыртты.

Ибраш жауабында Ұзақбай Құлымбетовті танымайтынын, Луговой стансасында Фрунзеден келетін астықты Алматыға аман-есен жеткізілуі тапсырылғанын, Ұзақбай Құлымбетовке сол тапсырманың орындалғаны жайлы есеп бергенін ғана айтты. Темірбек Жүргеновті сырттай ғана естуім деп, Ленинградтағы теміржол академиясына оның қолы қойылған жолдама келгенін растады. Ешқандай

ТАҒДЫР

контрреволюциялық ұйым барын естіген емесің!., ондайдан мүлдем хабарсызбын деді.

Жапақов Ибрашты тергеу ісінің материалдарымен таныстырмай-ақ Алматы облысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Үштігінің шешімімен 1937 жылы 10 желтоқсан күні сырттай сот-тап, еңбекпен түзеу лагеріне он жылға кесті.

ЖОЛ. ЭШЕЛОН. ОЙЛАР.

Ибраш үшін мәжбүрлі сапардың бағыты да, нысаналы жері де беймәлім. Тұтқындар тиелген эшелонға мінгенге дейін әйелімен, балаларымен жолықтырмады. Оларға хат-хабар да жолдай алмады. Белді бекем буып, түлкі заманда ел-жұртқа күлкі болмай, Гүлсім балаларды бір қараға жеткізе алар ма екен?... Үшінші баласын аман-есен босанып, қол-аяғын бауырына алғаннан кейін тамағы мен киімдеріне жетерлік нәпақа болатын жұмыс табу да оңай емес.

Өткен күндерін еске алды. Ашаршылық жылдарында темір жол бойында еңбек еткендігін, өзге салалармен салыстырғанда, темір жол жұмысшыларының өлмесінің күніндегі талғажу боларлық нәпақасы болғандығынан балаларының аштықтан аман қалғандығы, күнделікті азаптаудан құтылғанын жұбаныш санады. «Социалды Қазақстан» газетіндегі «халық жауы» деп айып тағылып түрмеге қамалған 19 қайраткердің, оның ішінде өзі білетін, құрмет тұтатын Сәкен, Бейімбет, Ораз, Ұзақбай, Темірбектердің тағдырлары не болар екен? Сол азаматтарсыз елдің тағдыры қалай өрбиді? Қазақтың бар қаймағының көзі жойылса, елдің келешегі не болмақ? Көзі ғана емес, ойы бұлдырайды. Бұлынғыр тұман қашан сөйледі?... Ойлар... Ойлар...

Қызыл өкімет билікке келгенге дейін малы, дәулеті болғаны үшін қазақтар неге жазықты болады? Мал-мүлкін кәмпескелеп тартып алғанымен тұрмай неге жер аударды? Әкесі, туысқаны бай болғаны үшін баласы, туысқандары неге қуғындалады?

Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкей-ханов, Міржақып Дулатовтардан боль-шевиктер өкіметі қандай зиян көрді?

Ұзақбай, Сәкен, Темірбек тағы басқа қайраткерлерді, қазақтың көшбасшыларын «контрреволю-циялық элементке» теңегені несі? Адамды «элемент» дегені тұлғаның зат болғаны емес пе?

Большевиктер неге өз мемлекетімізді өзіміз еркіндік жолымен дамытуымызға мүмкіндік бермейді? Қазақтың ғылым - білімді, өнерді меңгергенінен қолымнан алға жылжи-тынын, өркениетті елдер қатарына қосылатынын Кеңес билігі неге түсінебеді?

Осылардың барлығы большевиктер ұстанымына кереғар болса, онда Николай патшаны неге құлатқан?

Ұзақбай, Сәкен, Темірбектердің жетекшілігімен қазақ елі өзінің әдебие-тімен, өнерімен Мәскеу жұртын таңқал-дырғаны кеше ғана емес пе еді? Арада бір жыл өтпей жатып не болып қалды? Ойлар жалғаса берді. Жалғаса берді...

КОМИ АССРІ. СЕВЖЕЛДОРЛАГ–ЕҢБЕК ТҮЗЕУ ЛАГЕРІ

1938 жылдың қаңтар айында Ибраш Жапақов Коми автономиялық республикасында орналасқан лагерге жеткізілді. Айнала аппақ қар. Сыңсыған

орман. Мүлгіген тыныштық. Ұзын-ұзын брезент палаткалар. Ибрашты ағаштан соғылған үйлердің біріне кіргізді. Түн ортасына жақын жүдеп-жадаған, арып-ашқан адамдар келе бастады. Бұл тұтқындардың бүгінгі жұмыстан оралған беттері екен. Жұмыс режимін екі ауысыммен істейді екен деп ойлаған. Сөйтсе, таң азанмен кетіп, 14-16 сағат жұмыс істеп қайтады екен. Ертең азанмен жұмысқа шығатынын ескертті. Жұмыс - темір жол құрылысы. Атауы – «Севжелдорлаг» (Солтүстік теміржол еңбекпен түзеу лагері). Бұл ГУЛАГтың (Главное управление лагерей и мест заключения. Қазақ тілінде — Еңбекпен түзеу лагерьлері мен жер аударылғандар қоныстарының және қамау орындарының Бас басқармасы) бір нүктесі болып шықты. Таң атпай көпшілікпен бірдей тұрды. Қараңғыдан ешнәрсені бажайлап аңғару мүмкін емес. Қару асынған, жетекерінде абалаған иттері бар әскерилер жұмысқа алып барды. Жұмыс басында ертеңгілік, түсте және кешкісін қараңғы түскен соң жүрек жалғайтын ботқа сияқты бірдеңе,

ТАҒДЫР

нан мен ысқылтам су таратты. Арнайы тамақтанатын, отыратын орын деген атымен жоқ. Жұмысқа бару мен жататын-түнейтін орнына қайтып келудің арасы 16-17 сағат уақыт алады. Ұйқыға 5-6 сағат, кейде 4 сағат қана қалады. Бір палаткада 35-40 адам. Киімдеріне жазылған бес орынды санға қарағанда, он-жиырма мыңның үстінде сотталғандар бар сияқты. Котлас қаласынан Воркутаға дейін 1300 километрден астам теміржол төсеу керек. Ибрашқа темір жолдың өлшемдері, рельсі, шпалдары, бекіту шегелері (костыль), балласт тас төсеніші, жолайырықтардағы жылжымалы жабдықтар, шпалдардың ара қашықтығының өлшемі, бағдаршам қондырғыларының тұғырлары, бекітілетін бұрандалары — бәрі таныс. Сондықтан қосымша түсіндіруді қажет етпей, міндетті жұмысын атқара берді. Өз ісінің білгірі, орыс тілін жетік меңгерген, осы салада жинаған тәжірибесі танылып тұрған Ибраш көп ұзамай бригадир болып тағайындалды. Салынаатын теміржол батпақты жерлерді, өзендерді, мәңгі мұзды аймақтарды басып өтеді, қажет кезінде орман ағаштарын қырқып қол ашу керек. Коми республикасы Ресей Федерациясының еуропалық бөлігінің солтүстік-шығысында орналасқан, 416 мың шаршы километр аумақты алып жатқан аймақ. Халқының саны 400 мыңға жуық. Орыстар аз, негізінен коммулиқтар тұрады. Республикада көмір, мұнай, табиғи газ, алтын, алмаз және ағаш қоры мол. Осы табиғи байлықтарды халық шаруашылығына пайдалану, қажетті жеріне тасымалдау үшін Котлас – Воркута темір жолы нағыз қажеттілік екен. Теміржол құрылысын қысқа мерзімде бітіру үшін арзан жұмыс қолын – сотталғандарды пайдаланбақ. Құрылыс және ағаш кесу істеріне жергілікті тұрғындар да тартылған. Олар өте аз. Ибраштың келген уақыты қыстың қақ ортасы. Қаңтар айында Воркута өзеніндегі мұздың қалыңдығы 160 сантиметрге дейін жетеді. Теміржол құрылысы екі жақтан қарама-қарсы бағытта жүргізілді.

Лагерь бастықтары орналасқан кеңсе алдында И.Сталиннің бейнесі мен сөздері жазылған плакат ілулі тұрды.

«Севжелдорлагта» 27 мыңға дейін сотталғандар істейтінді және әлі де жұмыс қолы жетіспей жатқанын білген Ибраш кеңес үкіметінің адамдарды жалған айыппен соттауға не үшін құлшынатынын түсінгендей болды. Қапастағылар жерлестер, пікірлестер болып бейресми жолдастық топтарға бірігеді екен. Ибраш жоғары тәжірибелі дәрігер-хирург Пушкарь Анатолиймен, педагогтар Михаил Спиридоновпен, Дмитрий Петровпен, инженер Владимир Киселевпен ортақ тіл табысып, көзқарастары жарасып, жақын дос болып кетті. Бір-бірімен үйлерінен келген азық-түліктерін бөліседі. Оларға өзі туралы, елдегі азаматтардың не үшін айыпты болғанын, елде жасалған кемпескені, барлық тірлігі, күнкөрісі малға байланысты қазақтардың мал-мүлкін қызыл үкімет тартып алып, онымен де шектелмей, бала-шағасымен бірге жер аударып, «халық жауы» деген айып тағып, соттап жібергенін, мешіттерді қиратып, діни кітаптарды өртегенін, тыныш өмір сүріп жатқан халықтың тоз-тозын шығарғанын, осыған қарсылық білдіріп Ырғыз жерінде шаруалар көтеріліске шыққанын айтып берді.

Сәпен (Сәби) АҢСАТ
еңбек ардагері

(Жалғасы бар)

Кітапхана



Мұхтар МАҒАУИН

Шеңке төменіректе төңкеріліп қалпыты, ыдыс-аяқтар да сол маңайда. Сірә, жігіттерді от жағып, тамақ қамдаған тыныс үстінде тұтқиылдан басқан сияқты. Керек асын ішіп те үлгермеген. Мен аллау әкбарымды айтып, шөккені де, қалған ыдысты да жинап алдым. Қоржынды ағытып, екі жағына төңдей бөліп салдым. Түбінде азғана суы бар қу торсықты ердің алғы қасына байладым. Мұхамед пайғамбарға, Қызыр-Ілияс әулиеге сыйынып атыма міндім. Осыншама пәруайсыз болармын ба, әкем айтып еді, бұлақ басына жетіп, мол суды өз көзіңмен көргенше, жарым торсықты қайтар жолға сақта деп, күн соншама ыстық болды ма, алда ешқандай бөгесін жоғына имандай сендім бе, әлде ай далада адамның төбеті артады, аштан шыққандай, артығырақ жеп, кенеусіз шөлдедім бе, басқаны былай қойғанда, мана, ертемен, тазалығым ұстап, қол шайып, бет жуғанымды қайтерсіз - не керек, ақсақалдың ақылын ұмытыппын. Мен өлмесің, торсық бұрышында бірер аяқ су анық бар, ертең кешке, жоқ, арғы таңға дейін, онсыз да шөлдеп келе жатқан мына жануар қалай шыдайды. Әлде, тұмаға үйілген, жидіп, шіріп, құрттары сабаудай болып, ырсып жатқан құбыжық, бірақ өлі бастарды таяқтың ұшымен төменге домалатып тастап, бұлақтың көзінің тазаруын күтсем бе екен. Өрине, түбіндегі топырағын да аршу керек. Құрал жоқ, қолмен. Ағын су, кешке дейін жаңарады. Тіпті, таяу маңда тыныстап, түн ортасына дейін күтем. Ең дұрысы осы. Бірақ жүрегім дауаламай, бойым тітіркеніп тұр.

Осы кезде Көкбесті оқыранды. Жалт қарасам, түстік жатқан, бірер шақырымдай жерде топ атты келеді. Шашырамай, бытырамай жүрген сыңайында қарағанда, қызылөскерлер. Қазір баяғы салкам заман өткен, тойлау мен қыдырма жоқ, мұндай алыс өңірді келімді-кетімді беткекке айналдырған біздің жігіттер болуы да. Көкем болса, үстіндегі киімін ғана емес, мұрнының бітісі, көзінің түсіне дейін ажыратар еді, мен жыға танип алмай, тағы аз тұрдым. Біздің жігіттер, яғни, танымасақ та осы өңірдегі бейбіт қазақтар болса, тілдеспей кету өкінішті; аналар, яғни қазақ деңіз, орыс деңіз, қызылөскер мен белсенді болса, қапыда қалу обал. Сырғып жүре бердім. Бұған дейін көрді, көрмеді - бой тасаламадым.

Ойдағы ең жақын су көзі жүз, жүз жиырма шақырым. Кім де болса, Сорбұлаққа талығып жетеді. Ал менің атым тың, қайткенде де қарамды шалдырмаймын, тек оқ тұтар межеден аулақтау керек. Желе жортып жазаяң белеске шығып, артыма бұрылғанда, маңағы аттылардың жамырай шапқанын көрдім. Созыла жөнелдім. Аттылардың негізгі тобы бұлақ басына аялдамады, оза ұмтылған. Өңшең шобыр мінгендей, жүрістері өнімсіз. Сонда да іріклер емес. Тарсылдата мылтық атысып (оқ-дәрісі мол, иттердің), бытырай далақтап келеді. Өрине, кім екені белгілі болды. Қазақ, біреу-екеу емес, тұн қазақ ай далада өз жайымен кетіп бара жатқан адамға, көп емес, жалғыз кісіге мұндай беталды дұшпандық танытпайды. Қара үзіп кете беруге болатын еді. Бірақ мені ойын қысқан. Мүмкін, қан тілеген шығармын. Арттағы шаңырағымды ойлағам жоқ. Шынында да, жиырма шақты адам жапырылай атып жатқан жүз оқтың біреуі қаңғып келіп өзіме, иә атыма тиюі мүмкін ғой. Бірақ мен соншалық сенімді едім. Кейін, бұдан бес есе артық сенім бар кездің өзінде мұндай күмәнді іске шатылмауға үйрендім. Ал бұл жолы өзімді тежей алмағам. Оншама қара үзбей, тіпті, күлік басын тартып, қуғыншыларды жақындата түстім. Бірақ бұл кезде қызыл әскерлердің көбінін аты өбден барлықады еді. Алдымен жекелеп, содан соң екеу-үшеулеп қала бастады. Тағы бірер шақырым созыласқан соң қалжаураған аттар төбеден ұрғандай тегіс тоқтаған. Соңымда жалғыз-ақ кісі қалды. Мен тізгінімді қымтадым. Арамыз бес жүз қадамға дейін қысқарған. Қуғыншым жетеріне күмәнданбаса керек, сірә, менің шошайған мылтығым жоғын көріп келеді, діңкелетіп алмақ болып еміне түсті. Мен өптеп ірікіле

бердім. Төрт жүз қадам. Үш жүз... Содан соң қайтадан ұзарттым. Бұл кезде қалған тобыр көз ұшында бұлдырай бастаған. Бұдан ары бөгелуге болмайтын еді. Осы кезде тарс етіп мылтық атылды. Өзі де не ата білмес, не шаба білмес бозөкпе болса керек. Маңайлаған қайда. Бірақ мен шабысымды кілт тежедім де, аттың жалын құштым. Содан соң, шылбырды қолдан босатпаған қалпы, аунап ат бауырына түстім. Қуғыншымның тұншыға шыққан айқайы естілді. Өбден шөлдеген, шаршаған, тіршіліктен күдер үзген адамның су көрген сәттегі қуанышты айқайы. Мылтығын көкке көтеріп, шатырлатып атып келеді. (Менің қымбат оқтарымды бос ысырап етіп жатыр, иттің

роман

САРЫ ҚАЗАҚ

баласы!) Астындағы омырауы даладай, жирен қасқа айғырдың екі өкпесін қысқан тепкіден еңгіте дем алған ауыр күрсінісі жетті құлаққа. Енді болмаса, дәл қасыма келіп, тұмсығын тірей тоқтар еді. Мен жылқыны аядым. Дәл құлағының түбінен тарс атылған оқтан шошынар дедім. Не көрмеген мал. Шошымайды екен. Қуғыншым да шошынып үлгерген жоқ. Таңырқауға ғана шамасы келді-ау деймін. Мен асықпай орнымнан тұрдым да, тізігін аз ескі жіберіп, ұзын винтовкасын қос қолдай көтеріп: "Врешь, киргиз! Не үйдешь, гад! Смерть буржуям!" - деп, есінен адасқан адамдай, құдайдың қу даласында қарлығы айқайлап, далбаң-далбаң шауып келе жатқан қызыл әскерді тура шеміршегінің астынан тартып жібердім. Сала құлаш винтовка ытқып ұшып түсті, қызыл әскер көзі алайып, маған сүзіле қарады да, ер-тоқымыммен қоса аударылып оңқасынан жығылды, аяғы үзенгіде қалыпты, жирен қасқа айғыр шошына шұрқырап, көкке шапшыды да, өлікті төрт аяқтай, үсті-үстіне теуіп, сүйрете-мүйрете, ай далаға дүркірете қашты. Мен атыма міне бора қайрылдым да, сұйық боз саран арасынан жаңа ұшып түскен бесатарды тауып алдым. Қоңыр болат оқпаны майыспаған, қызғылтым сырлы дүмі сынбаған, оқ-дәрі ісінен май ісі басым жап-жаңа винтовка. Көкбестіге ырғып мініп, жирен қасқа айғырдың соңынан кудым.

Өзі де қалжырап келе жатқан жануар, мүлде болдырды ма, әлде сыбағасын алып бітті, осы да жарар деп ойлады ма, бой салып қашпады. Қатарласа келіп шұбатылған тізгінінен ұстаған осыра дірілдегенмен, туламай, тартына созбай, тек тұрған. Бөгелместен, бауырға түскен орыс ертоқымызын айылын қиып жібердім. Айғырды жетелеген қалпы әудем жерге алып шығып, жалынан, тұмсығынан сипап, мойнынан құшақтап әрең тыныштандырдым. Көз шалымда қара көрінбейді, асығар ештеңе жоқ. Көкбесті екеуін қалмақша айқастыра қаңтарып, жансыз мүрдеге айналған қызыл әскерге келдім. Ат тепкілеп, дүңгіршегін жарып жіберген екен, жер сызған, тұяқ кескен бет-ауыздан ештеңе жоқ, кеудесіне дейін мый-батпақ қара ала қан - бірақ сары түкті қолы, боп-боз саусақтарына қарағанда, азият емес, еуропалық және ажал қуып жер түбінен келген жас жігіт екені андалды. Мен қолым былғанады деп жеркенбей, - не көрмеген қол, әскери гимнастерканың қалтасын ақтардым. Қызыл әскер билеті. Дұрыс, Агафонов Павел Иванович. Жұмыскер текті. 1910 жылы Питерде туған. Жасы толмаған себепті Ұлы Революцияны терезеден ғана көрген, қатынаса алмаған. Өткеннің орнын толтырып, Жабайы Киргиз даласында Жаңа Төртін орнату үшін Түркістан өлкесіне сұранған. Қазір патша Петрді де, әулие Петрді де талақ етіп, Ұлы Кесемнің атын иелену құрметіне жеткен қанды қалада көрі шешесі қалған. Міне, мүгедек, ауру... Бейнеттен арылмаған қарапайым орыс әйелі. Шын сорлы екен. Осындай, жарты әлемді жалмаған өрт шықпаса, шалың тірі, балаң қасында отырар еді. Өз қанын да, өзгенің қанын да ішпейтін еді. Барыңнан тегіс айрылдың. Аштан өлесің бе, қайыр сұрайсың ба - жолың ашық. Ал мен қарық болып қалдым. Қаңға тойған арық қызыл әскердің өне бойы тұнған қазына - иығына ашамайлап асқан қос оқшантай оққа толы. Аттанысқа жеткілікті етіп алған екен, жаңа шығынға кеткені он шақты ғана, қалғаны жүздің анық үстінде. Біразының сыртына қан қатып үлгеріпті. Сол қалпында мойныма асым. Содан соң бейбақтың етігіне көзім түскен. Жирен айғыр соншама тепкілегенде ұлтаны сөгілмеген, берік, жап-жаңа балғыры етік. Өлшемі кішірек. Бірақ бұл далада бөрі қат. Өкейдің аяғына сыймаса, Загираға шак келеді. Бұтынан та-

баныммен басып тұрып шуаш сасыған сары шұлғауын шұбалтып, екі етікті де сыпырып алдым. Ендігі қалғаны – ертоқым. Атты әскер ертоқымы. Бітісі сұрықсыз, мініске жайсыз. Бірақ тұтасымен былғары. Тым құрса ұлтанға жарар. Мана қарбаласта ойланбай кескен айылды қайта жалғап, шылбырмен үстінен тартып, жирен айғырдың арқасына бекіттім. Тағы да мол олжа - қанжығасында салақтаған құтысы бар екен. Түбіндегі суы ортадан астам. Іше жаздап барып бөгелдім. Жоқ. Жеркенгеннен емес. Қан төгуден, құрбандығының өлі денесін тыр-жалаңаш тонаудан осыншама ләззат алған адам неден тайынсын. Кейінге сақтадым. Тыр-жалаңаш демекші, сонша былғанбаса, үстіндегі киімін де сыпырар едім. Бірақ уақа емес. Өкініштісі - белінде жабайы киргиздарды ықтан шатқа дейін айырып шабатын өткір қылышы болса керек еді, бір жерде үзіліп түсіп қалған сияқты.

Құныққаным, рақаттанғаным сондай, ат үстіне қонған соң ғана арт жаққа бұрылыппын. Көз ұшында емескі екі қара көрінеді. Революциялық санасы төмен сорлылар. Өуелде кежегесі кейін

сияқты, оскырынбайды да, көз сүзбейді. Неге болсын менімен бірге көнбек сыңайда. Мен осы кезде ғана ойладым. Өкемнің, әйелім мен баламның халін ғана емес. Қолдағы азғана малдың да тағдыры маған байланысты екен. Менің тіршілігіме, амандығыма. Өйткені... дәл қазіргі тұрған жерімнің бедері бейтаныс. Бейтаныс емес, аумайды - анада осылай өткен, кеше бері қайтқан жолымнан ешқандай айырымы жоқ, бірақ ол емес. Ол емес, басқа жер! Анада әкей ай далаға, екі-үш жерге құрық қадап кеткен. Мен жоқта белгі болар деп еді. Тағы бірнеше жерде үйіріле, өзгеше өскен итсигек, ақ сортаң тақыр, жалаңаш төбешіктерге, тақау маңдағы басқа да толып жатқан бедер, белгілерге назар тіккен. Түзу сорапқа бағана түскен сияқты едім, бірақ сол айғақтардың ешқайсысын да көре алмай келем. Мана оңға қарай көбірек қиып алсам керек, енді солға қарай ойысыңқырау керек. Жалпы бағытым түзу. Солай деп көңіл бекіттім. Ет асымдай аял жасадық.

Көктемгі самалдың өзі сусын деуші еді әкем. Таңертеңнен шөлдеген жоқ едім, қазір тіпті тынайып қалғандаймын. Аттардың да өңі кіргендей. Бірақ мен ба-

рымды аямадым. Қу торсығымды тілдім де, бұрышында қалған бір аяқтай суымды түгелімен Жиренқасқа айғырдың аузына тостым. Содан соң олжа құты түбінде ауыз шаяр бірер ұрттам ғана қалдырып, қалғанын торсық бұрышына құйып, Көкбестіге ішкіздім. Бұдан былай қандай жолға шықсам да суды қос-қос меспен төңдеп алып жүрермін-ау!...

Бірақ осыған да шүкір. Екі жануардың да жанары жарқырап кетті. Мен де айдарымнан жел өскендей, көтеріліп сала бердім. Бесатар мен маузер, барлық оқ, қазан-аяқ, сыртқы бір қабаттан асқан киімге дейін жирен айғырдың үстіне артып, қайтадан Көкбестіге міндім. Күн жарықта біраз жол ұтып, ең бастысы - оң бағытты анықтап қалу керек. Екі атты да қинамай, желе аяндап, кешке дейін сабылдық. Қанша жүргенімді білмеймін. Өйтеуір Сорбұлақтан түстік жерге ұзағаным, жолдың ширегіне жуығын өткеруім анық. Бірақ шөмеле ішінде емес, айналасы неше күндік иенде жоғалған сабақсыз ине - медиенге шаншылған құрық та жоқ, басқадай тіршілік, яғни, бізді тіршілікке бастайтын айырым белгі де жоқ. Алға басқаннан бөтен амал қалмаған. Ілбіп жүре бердік. Қақ маңдайымыздағы шаңырақтай үлкен, қызғылтым бозғылт күн ауыр салмағын көтере алмай, еріне дөңгелеп, теп-тегіс, қылаң сұр жазықтың көгілдір күрең жиегіне жанасты да, бар қызуын, өң-шырайын ішіне тарта, күмбезденіп іркіле бере шым баты. Буалдыр тез түсті. Ардай да, шапақ та жоқ, - ақшам туар-тумастан сам жамырады, қызыл іңір - бүйек қараңғыға алмасты, сол сәтінде-ақ биік аспанды қаптап жанған көгілжім, қызғылтым, ақ боз жұлдыздар тіршіліктің бар сәулетін тұңғыық сырға бөлеген. Түн салқыны, жұлдыз жарығы қосымша күш құйғандай, іркілссіз жүзіп келеміз. Шөл далада, құдайдың ғана көзі түсер меңіреу иенде жалғызсырар жәніміз жоқ - үшеуіміз. Мен аузым кеберсіп, тілім тұтқырланып келе жатса да, андасанда дыбыстап қоям. Аттар жүрісін ширата түседі. Қазақ жылқысының қаншалық тәзімді екенін, жаны иесімен бірге шығарын сонда ғана көрдім. Көп жүрдік. Өлі де жүре берер шама бар. Бірақ зорығып, ұрынып қалмау керек еді. Аттар босаңсыса, өзім өбден шаршаппын. Тынықпай болмады. Тоқтадық. Екі аргымағымды да суытып, қатара байладым. Шылбыр ұшын астыма басып, тымағымның құлағын түсіріп, тақыр жерге бүктеліп жата кеттім.

Бұрылсамсы, бүгінгісі жоқ тұпа-тура қасқа жолға түстім. Жол дегенім жол емес, кәдімгі шұбар көкпек, сирек теріскен өскен тақыршақ сортаң. Жол болатыны - сорабы айқын, екі қапталы берік - ұзыннан ұзақ созылған кенересі бар. Жай кенере емес, қатар-қатар тізілген адам басы. Қатар тартылып, біріне-бірі жалғаса тіркеліп, көкжиекке батып жоғалатын, басқа тарапқа мойын бұруға жар бермейтін, тістері ақсиган, көздері шақырайған тірі бастар - маңдайына жазылғандай айқын танылып тұр; орысы, қазағы, басқасы аралас - чекистер мен белсенділер. Оңа не солға бұрыла алмаймын, кейін шегінуге... артта бұдан да үлкен қатер бар... баяғыда өзім жазғаға тартқан жандарм офицерлерінің бұтарланған дене мүшелері шашылып жатқан сияқты, бұрылып қарауға қорқам. Алға ғана жүріум керек. Тек бір-ақ бағытқа. Арттағы нәжіс лептен ұзасам, мына ақсиган үрейлі бастардан тез құтылсам, жол ұшығына жетсем... Аяғым ауыр, демім тар. Жүріп келем... Кенет атым бары, үзеңгіге ілінсем, тірі бастардан жасалған құбыжық бөгесінен қарғытып өтіріп есіме түсті. Сол сәтінде селкөтіп ояндым.

Екі ат шылбырын тартып оқыранды. Шығыста жарқырап Есекжырған туы. Бүкіл дала көгілдір бозамық түрге еніпті. Жер бауырлай тұнған қараңғылық буалдырлана еріп барады. Ауа дымқыл,

шөлім қанып қалған сияқты. Қанған жоқ, өрине. Бұрынғы қалпында. Күшеймеген. Бұл да жақсы. Шөп басын сипалап көрдім. Шық жоқ, Бірақ құрғақ та емес. Сыз бар. Екі аттың да ерін сыпырып, ауыздығын алдым. Оттамады. Бірақ жусан, бұйырғын басын иіскеп, тыныс тапқандай. Сүйкене оқыранып, жерге аунады. Көп бөгелуге болмайтын еді. Мен аттарды ауыстырып ерттеп, жирен қасқа айғырға міндім де, шолпан көтеріле терістік-батысқа қарай жүріп кеттім.

Өуелде еңсеміз көтеріңкі еді. Уақыт озған сайын көңіл лайлана бастады. Өуелде жүрісіміз өнімді еді. Уақыт озған сайын саябырлай берді. Сәске түс кезінде мен жолдан адасқаныма өбден көзім жетті. Қайтпек керек? Оңға бұрылам ба, солға бұрылам ба? Жоқ, алға тарта берем бе. Осыған тоқтадым. Мен кешегі қуғыннан соң, шөлдеп, шаршап, аяңдай берген өнімсіз жүрістен соң қай араға келгенім түгілі, қанша жол ұтқанымды мөлшерлей алмайды екем. Ауыл - суы мол, кеніш мекен Көкжайлау алда. Сірә, жер ортаға жаңа іліндім. Межелі тұсқа жеткем жоқ. Межелі тұсқа жетейік, содан соң онды-солды ойқастаймыз. Шама келсе, өрине.

Бесіннен ауағанда шама келмесін андадым. Күн аптап емес. Қоңыржай салқын да емес. Мақпал жылымық. Шөлің қанық, бойың серпек болса, жаңға жайлы тиер, шуақты көкек. Мен көлікті қинамадым. Күнүзақ аршынды аяңнан танбадық. Екі-үш рет сүт пісірімнен аял жасадық, түс кезінде аттардың ерін алып, аунатып, өзім құты түбіндегі үш қасық ең соңғы суды ішкем. Екі жануарға тым құрса бір аяқтан тисе, ертең түске дейін сыр бермес едік-ау. Амал не, тамшы су жоқ. Кеше таңнан бері татқан екі жұттым су шөлімді қандырмаста да бойыма күш құйғанымен, өзімді кінәлі сезіндім. Мен адаспасам, Көкбесті мен Жиренқасқа да осыншама азапқа ұшырамас еді ғой. Бірақ хайуанда тіл жоқ, өкпесін, ренішін айта алмайды, еркіме көніп, алға тарта берген. Енді міне, екіңтде Көкбесті иесіне бағынышты кептен жаңылды. Өбден болдырған сияқты. Жетекке ілеспей, тартыншақтай береді. Аздан соң мойны сол жағына қарысып, табанда тұрды да қалды. Қамшылап әрең жүргіздім. Бірақ көп ұзамады. Дір-дір етіп, төрт тағандай тоқтады. Мен шыпасы біткен жануарды бұдан ары қинауды екен көрмедім. Атып кетуге тағы қолым бармады. (Адам санасы деген қызық. Серік болған көлігімді атсам ба, атпасам ба деп аз-маз толқыған соң, маузерімді соншама ауырлап кеткен ағаш қынына қайта салып тұрып ойладым: "Осы мен қазақ емеспін-ау. Қазақ шығып жарытпаймын-ау. Астындағы атын атқан деген... біздің көпір жұртына ғана тиесілі мінез еді, жаман романдарда кездесетін жасанды әрекет еді... Ал қазақ... қазақ дәл бұлай... адаса ма?") Мүмкін, Көкбестіні емес, өзімді атуым керек шығар? Бірақ қазақсыз... Кез келген адам... ақырына дейін күресуге тиіс. Өзіме де, атыма да жаным ашыды. Ертоқымын алып, үстің жеңілдетсем... онсыз да анаулы қаншама минуттан ұтылам. Ер үстінде отырған қалпымда шылбырым мойнына, тізігін жүнгенге іле байладым да, кешу сұрап, қоштасып, алға қарай жүре бердім. Арada жарты сағат, мүмкін, он, он бес минут өткен соң бұрылып артыма қарасам, жануар, төрт аяғын сағым көтеріп, түстікке бет бұрып, көлденеңдеп тұр екен. Тың, зор. Мүмкін, Көкбестінің өзі емес, өзі маңа, мен кете бергенде мойны қайрылып, қорқырай жыылған - тұлпар туған сүлдесі шығар. Мен жылап жібердім. Бірақ көзімнен жас шыққан жоқ.

Алға қарай жылжи бердім. Күн еңкейе берді. Мен де көлеңкелер патшалығына жақындай түскендеймін. Межелі, біршама таныс жердің шетіне ілінсем керек еді. Ойша долбарладым. Барарда ғой, суыт болмаса да, тоқтаусыз, өнімді жүріптің. Келтете шықсам, екі қонып, азданда жеттім. Есеп дұрыс еді. Сосын... Суыт жүрдім. Араға бір қонсам да, жол үстінде соншама сағат өткердім. Жоқ, одан аз. Азырақ. Өрі жүрісім өнімсіз болды. Суыт... Өнімссіз... Деме... Бірақ бағдарым түзу... Түзу болса, қызыл іңірден соң, түн ортасында ел қарасын көріум керек. Дұрыс. Балаша қуандым. Барар күн шапағына шомылып, бірер сағат тыныстап алдық. Ендігі қауіп - тура бағыттан айнып кетпеу. Баяғыда, ауыл мен қостағы жылқы арасында бір адасқанымын бар. Көп емес, азғана. Сонда шыр көбелек айынып жүре беріптің. Ақыры, боран тұра бастағанда Нұрымбет аулының жылқысына кездесіп, жаным қалған. Ол кезде ай далада адасқанның өзі қызық екен-ау. Қаншама әңгімеге өзек болған. Енді міне... Күн батты. Сарғая солып кешкі Венера шықты. Қазақтар мұның Шолпан екенін білмейді, білсе, таңертеңгі сұлу қыз емес, кешке дейін байынан да, бағынан да айырылған жерсір бейбақ санаса керек. Тұл қатын деп атайды, осы қалжың жұлдызды шекеге алып, атқа міндім. Алға жылжыған сайын қараңғылық қоюлана берді. Мен көлеңкелер патшалығының қалпасын ашқандаймын. Бірақ шегінер, бұрылар жол жоқ, басқаша амал қалмаған. Жануар, біз сияқты бір сорпының неше қос жылқысының құты болған жирен айғыр қайратты екен, қажырлы, жүректі екен, өзі пырақ өзі қорған, қамқоршы, салқын ауамен кеудесін кере тыныс алып, қоймалжың қара түнді қақ жарып, еркін аяндап келеді. Астымадағы атымың жалын сипап, бар жылуын сезініп, мен де ес жидым. Ақыры, тұн ортасына жақындағанда қалың көкпек ортасына тоқтадық.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

АЙЫППҰЛ МЕН САЛЫҚ КӨЛЕМІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ӨСУІ МҮМКІН?

Келесі жылы АЕК-тің көлемі 8 пайызға өссе, айыппұлдар мен салықтардың көлемі де тура солай өседі.

АЕК ҚАНШАҒА ӨСЕДІ?

Биыл айлық есептік көрсеткіштің мөлшері 4 325 теңгені құрайды. 2027-ші жылы оны 4 693 теңгеге дейін көтеру жоспарланған. Республикалық бюджеттің жобасы әлі де талқыланады. Сондықтан АЕК-тің мөлшері алда тағы да өзгеруі мүмкін.

Елімізде айлық есептік көрсеткіш жыл сайын өсіп отырады. 2023 жылы 3450 теңге, 2024 жылы 3 692 теңге, 2025 жылы 3 932 теңге, 2026 жылы 4 325 теңгеге дейін көтерілді. Келесі жылы АЕК-тің көлемі тағы 8 процентке өссе, айыппұлдар мен салықтардың көлемі де тура солай көтеріледі.

ЖЫЛДАМДЫҚ ҮШІН АЙЫППҰЛ

Бүгінде көлік жүргізушілері жылдамдықты асырғаны үшін айыппұлды жиі төлейді. Келесі жылы оның көлемі тағы өсуі мүмкін:

тиісті жылдамдықты сағатына 10–20 шақырымға асырғаны үшін 5 АЕК 2026 жылда 21 625 теңге болды, 2027 жылы 23 465 теңге болады; сағатына 20–40 шақырымға асырғаны үшін 10 АЕК: биыл 43 250 теңге, келесі жылы 46 930 теңге болады; сағатына 40 шақырымға асырғаны үшін 20 АЕК: 86 500 теңгеден 93 860 теңгеге дейін көтеріледі;

бір жылдың ішінде қайталанған жағдайда 30 АЕК: 2026 жылда 129 750 теңге болса, 2027 жылы 140 790 теңге болады.

БЕЛДІК ПЕН ТЕЛЕФОН

Жол ережесіне сәйкес, жолаушыларды тасымалдау, қауіпсіздік белдігін тақпау, сондай-ақ, рөлде ұялы телефонды пайдалану сияқты әрекеттер үшін 5 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған.

Биыл осы айыппұлдың көлемі 21625 теңге болды, келесі жылы 23 465 теңгеге дейін өседі.

БАҒДАРШМНЫҢ ҚЫЗЫЛ ТҮСІ

Бағдаршамның қызыл түсіне қарамай, жолды кесіп өткен көлік жүргізушілері қазір 10 АЕК: 2026 жылы 43250 теңге төлейді, 2027

жылы 46 930 теңге көлемінде айыппұл төлейді.

Дәл осы жол ережесін бір жылдың ішінде екінші рет бұзғаны үшін айыппұлдың көлемі 15 АЕК-ті құрайды:

Демек 2026 жылы 64 875 теңге;

2027 жылы 70 395 теңге.

КУӘЛІКСІЗ КӨЛІК ЖҮРГІЗУ

Куәліксіз көлікті жүргізгені үшін 5 АЕК көлемінде:

2026 жылы 21 625 теңге;

2027 жылы 23 465 теңге айыппұл.

ПОЛИЦИЯҒА БАҒЫНБАУ

Полицияның заңды талабына бағынбаған көлік жүргізушілеріне 40 АЕК: 2026 жылы 173 000 теңге көлемінде айыппұл салынады. Келесі жылы оның көлемі 187 720 теңгеге дейін өсуі мүмкін.

Бір жылдың ішінде тағы қайталанса көлік иесі жүргізуші куәлігінен айырылады. Оған қоса, 5 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы қарастырылған.

Ал куәліксіз көлік жүргізгендерге 60 АЕК: 2026 жылы 259 500 теңге, 2027 жылы 281 580 теңге көлемінде айыппұл төлеуге тура келеді.

ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІНЕ ҚАРАМАУ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес, жол белгілерімен немесе жолдың жүру бөлігіндегі таңбалармен көрсетілген талаптарды сақтамағаны үшін 3 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған.

2026 жылы 12 975 теңге; 2027 жылы 14 079 теңге айыппұл.

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫНА ШЫГУ

Бүгінде көлікпен жаяу жүргіншілер жолына шыққаны үшін 15 АЕК: 64 875 теңге көлемінде айыппұл салынады. 2027 жылы оның көлемі 70 395 теңгеге дейін өседі.

ТҰРАҚ ТАЛАПТАРЫН БҒЗУ

Көлік құралдарын тоқтату және тоқтап тұру қағидаларын бұзғаны үшін бірнеше айыппұл бар:

көлікті рұқсат етілмеген жерге қою 5 АЕК: 2026 жылы 21 625 теңге, 2027 жылы 23 465 теңге; тротуарға шығып кету 10 АЕК: 43 250 теңгеден 46 930 теңгеге дейін; тұрақ ақысын төлеуден жалтару 3 АЕК: биыл 12 975 теңге болса, келесі жылы 14 079 теңге.

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕРДІҢ АЙЫППҰЛЫ ДА ӨСЕДІ

Жол ережесін бұзған жаяу жүргіншілер 2 АЕК: биыл 8 650 теңге көлемінде айыппұл төлейді. Келесі жылы 9 386 теңгеге дейін өседі. Ал бір жылдың ішінде тағы қайталанса, айыппұл 10 АЕК-ке дейін артады:

2026 жылы 43 250 теңге; 2027 жылы 46 930 теңге болады.

КӨЛІКТІ ТІРКЕУ АҚЫСЫ КӨТЕРІЛЕДІ

Қазіргі кезде көлікті алғашқы тіркеу ақысы 0,25 АЕК: 1 081 теңге құрайды. Келесі жылы оның көлемі 1 173 теңгеге дейін көтеріледі.

Ал көліктің шығарылғанына үш жылдан асып кетсе, 500 АЕК: 2026 жылы 2 162 500 теңге, 2027 жылы 2 346 500 теңге болады.

УТИЛИЗАЦИЯЛЫҚ АЛЫМ

Қазақстанда утилизациялық алым да айлық есептік көрсеткішпен саналады. Базалық мөлшерлеме 50 АЕК. Осылайша, биыл оның көлемі 216 250 теңге болса, келесі жылы 234 650 теңгеге дейін көтерілуі мүмкін.

Әрбір көліктің утилизациялық алымы қозғалтқыштың көлеміне қарай есептеледі.

КӨЛІК САЛЫҒЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Қазақстанда көлік салығы да қозғалтқыштың көлеміне қарай төленеді:

1 100 текше сантиметрге дейін 1 АЕК: биыл 4 325 теңге, келесі жылы 4693 теңге;

1 100 - 1 500 текше сантиметр 2026 жылы 8 650 теңге, 2027 жылы 9 386 теңге;

1 500 - 2 000 текше сантиметр 2026 жылы 12 975, 2027 жылы 14 079 теңге;

2 000 - 2 500 текше сантиметр 2026 жылы 25 950 теңге, 2027 жылы 28 158 теңге;

2500-3000 текше сантиметр 2026 жылы 38925 теңге, 2027 жылы 42237 теңге;

3 000 - 4 000 текше сантиметр 2026 жылы 64 875 теңге, 2027 жылы 70 395 теңге;

4 000 текше сантиметрден жоғары – 2026 жылы 506 025 теңге, 2027 жылы 549 081 теңге.

КӨЛІКТІ САҚТАНДЫРУ ҚҰНЫ ӨСЕДІ

Қазіргі кезде көлікті сақтандыру полисінің бағасы 1,9 АЕК: 8 217,5 теңгеден басталады. Келесі жылы бұл сома 8 917 теңгеге дейін өседі.

АРЗАН ИПОТЕКА, ЖАЛДАМАЛЫ БАСПАНА БЕРУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ МЕ?

2027 жылдан бастап Қазақстанда ең төменгі күнкөріс деңгейін көтеру жоспарланып отыр. Ал осы көрсеткіштің негізінде жеңілдетілген ипотека мен жалдамалы пәтерлер беріледі. Мемлекет есебінен жалға алынған баспана ақысының бір бөлігі де өтеледі.

Ең төменгі күнкөріс деңгейі - бір адамға қажетті ең аз ақшаның мөлшері. Оған тамақ, киім, жол ақысы, коммуналдық төлемдер сияқты бірінші кезекте тұрған шығындарды өтеуге болады.

Қазақстанда ең төменгі күнкөріс деңгейі негізінде мемлекеттік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы есептеледі. Сондай-ақ, оны халықты қолдауға арналған бағдарламаларда негізгі көрсеткіш ретінде пайдаланады. Мәселен, Отбасы банкі 2 проценттік ипотека мен жалдамалы баспананы отбасының ең төменгі күнкөріс деңгейін ескеріп таратады. Ал ипотека мен жалдамалы баспана болмаса, нақты талаптарға сай келетін тұрғын үйді жалға алуға болады. Ондайда жалға алу ақысының жартысы мемлекет есебінен өтеледі.

Биыл ең төменгі күнкөріс деңгейі 50 851 теңге болып бекітілген. Келер жылы оны 55 173 теңгеге дейін көтеру жоспарланған.

Қазіргі кезде баспана кезегінде тұрған азаматтар әкімдік ұсынған жалдамалы баспана ала алады. Бірақ әрбір отбасы мүшесінің соңғы алты айдағы орташа табысына нақты шектеу бар. Оны ең төменгі күнкөріс деңгейімен есептейді:

Отбасы мүшелері үш адамнан көп болса, әрбіреуінің орташа табысы 2 ең төменгі күнкөріс деңгейінен, 2026 жылы 101 702 теңге, 2027 жылы 110 346 теңге артық болмауы қажет;

Отбасы құрамы екі адамнан аспаса, әрбіреуінің орташа табысы 3,5 ең төменгі күнкөріс деңгейінен, 2026 жылы 177 978 теңге, 2027 жылы 193 105 теңгеден артық болмауы керек.

Баспана кезегін Отбасы банкі жүргізеді. Заң бойынша жалдамалы тұрғын үйдің кем дегенде 70 проценті соғыс ардагерлері, оларға теңестірілгендер, І және ІІ топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, жесір әйелдер мен көпбалалы аналарға беріледі, тағы 20 проценті жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға берілуі керек. Қалғаны кезекте тұрған басқа да мұқтаж адамдарға бөлінеді.

Баспана кезегінде тұрған азаматтар баспананы жеке меншікке сатып алғысы келсе, Отбасы банкінен **2 проценттік ипотека** рәсімдей алады. Тұрғын үйді қолжетімді бағамен әкімдіктер ұсынады. Алғашқы жарнасы 10 процент. Ал ипотеканың өзі 20 жылға беріледі. Алайда бағдарлама қатысушысының табысының көлемі белгілі бір деңгейден аспауы қажет. Оны да ең төменгі күнкөріс деңгейімен есептейді.

Бағдарламаға қатысу үшін отбасының әрбір мүшесіне 5 ең төменгі күнкөріс деңгейінен 2026 жылы 254 255 теңгеден, 2027 жылы 275 865 теңгеден аспайтын мөлшерде соңғы алты айдағы еңбек немесе кәсіпкерлік қызметтен түсетін жиынтық отбасылық табысты растау қажет.

Бүгінде Отбасы банкі арқылы жалға алынған баспананың әлі сайынғы төлемін субсидиялау көмегі бар. Ондайда жалға алу ақысының жар-тысын мемлекет есебінен өтеуге болады. Бірақ айлық табысқа нақты шектеу бар. Өтініш берген отбасының соңғы 6 айдағы жиынтық табысы әрбір мүшесіне шаққанда заңмен бекітілген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1 еселенген мөлшерінен, 2026 жылы 254 255 теңгеден, 2027 жылы 275 865 теңгеден аспауы тиіс.

5 адамнан тұратын отбасы Қызылордадан 60 шаршы метрлік пәтерді 100 мың теңгеге жалға алып тұрса, соның 50 мың теңгесі мемлекет тарапынан өтеледі.

Бұл бағдарламаға баспана кезегінде тұрған І және ІІ топтағы мүгедектер, жетім балалар, мүмкіндігі шектеулі балалары бар және көпбалалы отбасыла қатыса алады. Сосын жалға алынатын баспананың жалпы ауданы мен ақысына қатысты нақты шектеулер бар.

1-3 адамы бар отбасы үшін 40 шаршы метрден артық емес;

4-5 адамы бар отбасы үшін 60 шаршы метрден артық емес;

6 және одан көп адамы бар отбасы үшін 80 шаршы метрден артық емес.

Жалға алынған тұрғын үй үлкен болса, онда айырмашылықты жалға алушы өз қалтасынан төлейді.

Баспана кезегінде тұрғандардың жәрдемақысы да өзгереді

Ең төменгі күнкөріс деңгейі негізінде базалық зейнетақы ғана емес, жәрдемақылар да есептеледі. Келесі жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі көтерілсе, баспана кезегінде тұрған азаматтардың жәрдемақылары да көтеріледі.

Мүгедектігі бойынша 2027 жылы берілетін жәрдемақы:

I-ші топ 121 381 теңге;

II-ші топ — 97 104 теңге;

III-ші топ — 66 208 теңге болады.

Асыраушысынан айырылған жағдайда 2027 жылы берілетін жәрдемақының есебі:

асырауда бір адам болса 50 759 теңге;

екі адам 93 794 теңге;

үш адам 124 139 теңге;

төрт адам 143 450 теңге;

бес адам 151 726 теңге;

алты және одан көп 165 519 теңге болады.

Мүгедектігі бар бала және І топтағы мүгедек адамның күтімі бойынша жәрдемақының көлемі 88 829 теңгеге дейін өседі.

"Ақшамның" асханасы

Денсаулыққа мән беріп, теңгерімді тамақтануды әдетке айналдырсаңыз, маркетингтің құрбаны болып, қаптаған компаниялардың саудасын ғана жүргізбес едіңіз. Мезгілге сәйкес құнарлы, әрі нәрлі тағам түрлерін қабылдап, күнделікті үш мезгіл арнайы мәзірмен отбасыңызды тамақтандырсаңыз, ол асқазанның жағдайын реттеу ғана емес, денсаулыққа деген күтім болып саналады. Әсіресе, енді ғана өсіп келе жатқан балалардың ас мәзіріне қатаң қадағалау мен тәртіптің болуы маңызды. Себебі, мықты иммунитет, сау асқазан-ішек жолы, баланың жасына сәйкес дамуы, әртүрлі аурудың алдын алу, ағзада витаминдер мен минералдардың тапшы болмауы ең алдымен тамақтану әдебін сақтауға тікелей байланысты. Таңғы ас өсіп жатқан бала организмi үшін өте маңызды, сондықтан міндетті түрде балаға таңғы ас ұсынылуы керек. Пайдалы май мен ақуызға бай таңғы ас бала организмiн күннің бірінші жартысында энергиямен толықтай қамтамасыз етеді. Сол себепті, балаңызды құнарлы тамақтандыруға арналған таңғы ас түрлерін ұсынамыз.

КӨКӨНІС КЕКСТЕРІ

Құрамы: 6-7 брокколи, 1 қызанақ, 50 грамм ірімшік, 2 жұмыртқа, 2 ас қасық глютенсіз күріш ұны, қалауыңызша аскөк.

Дайындалуы: Брокколиді қайнаған суға шым-шым тұз салып, 5 минут пісіріп, суытып, ұсақтап тұраймыз. Помидордың сыртқы қабығын алып, төртбұрыш пішінде турау қажет. Ірімшікті үккіштен



өткіземіз. Ыдысқа аскөк, ірімшік, ұн, көкөністермен жұмыртқаның сарысын салып, араластырамыз. Жұмыртқаның ағын миксердің, не блендердің көмегімен шайқаймыз. Дайын болған ақуызды қоймалжыңға құйып, төменнен жоғарыға қарай араластырып, силиконды формаларға бөліп құямыз. 180 градуста қызып тұрған пеште 30 минут пісіреміз. Дәмді, әрі үлпілдек маффин дайын.

ДИЕТАЛЫҚ ТОҚАШ

Құрамы: 2 шикі жұмыртқа, 180 грамм сүзбе, 2 піскен жұмыртқа, 60 грамм ірімшік, қалауыңызша аскөк, 4 ас қасық глютенсіз ұн.



Дайындалуы: Ыдысқа екі жұмыртқаны жарып, үккіштен өткізілген ірімшікті, піскен жұмыртқаны, аскөкті және ұнды қосып қамыр иелейміз. Қолымызбен кішкене формада тоқаш дайындаймыз. Қызып тұрған табаға ГХИ майын жағып, пирожкилерді екі жағы қызарғанша баяу отта пісіреміз.

СӘБІЗ ҚҰЙМАҚТАРЫ

Құрамы: 2 орташа сәбіз, 2 жұмыртқа, 2 ас қасық қаймақ, 3-4 ас қасық күріш не жүгері ұны, 1/2 шәй қасық қопсытқыш.



Дайындалуы: Сәбізді үккіштен өткізіп, тағам құрамына тиесілі қалған қоспаны қосып, шанышқымен жақсылап араластырамыз. Қызып тұрған табаға майсыз, не ГХИ майын жағып, баяу отта, қақпағын жауып құймақты пісіріп аламыз. 1 жастан асқан балаға қаймақпен, йогуртпен, балмен, жаңғақпен немесе арахис пастасымен ұсынсаңыз болады.

СҮЗБЕ ҚҰЙМАҚТАРЫ

Құрамы: 200 грамм 9% сүзбе, 2 жұмыртқа, 4 ас қасық күріш, жүгері, не дәнді дақылдардың ұны, 1/2 шәй қасық қопсытқыш, 1 банан, алма немесе алмұрт.



БАЛАНЫҢ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУЫ: ТАҢҒЫ АС МӘЗІРІ

Дайындалуы:

Алма мен алмұрт болса үккіштен өткізу керек. Ал бананды шанышқымен езіп аламыз. Барлық қажетті заттарды тостағанға салып, шанышқымен араластырамыз. Қызып тұрған табаға ГХИ майын жағып, бір ас қасықтан массамызды салып, қақпағын жауып, баяу отта пісіреміз.

АЛМА ҚҰЙМАҚТАРЫ

Құрамы: 2 алма, 2 жұмыртқа, 4 ас қасық диеталық ұн, 1/2 шәй қасық қопсытқыш.



Дайындалуы:

Алманы үккіштен өткізіп, қалған қоспаларды қосып, шанышқымен араластырамыз. Қызып тұрған қуыруға арналған табаға ГХИ майын жағып, бір ас қасықтың көлемінде массамызды пісіреміз. Қақпағын жабу міндетті.

КАРТОП ТАЯҚШАЛАРЫ

Құрамы: 4 түйір піскен картоп, 4-5 түйір брокколи, ірімшік.




Дайындалуы:

Піскен картопты пюре етіп езіп, оған алдын ала қайнаған суда 5 минут піскен брокколиді ұсақтап турап, қосамыз. Дайын болған қоспадан арнайы пішінге келтіріп, ортасына кесілген ірімшікті саламыз. Табаны баяу отта қыздырып, картоп таяқшаларын екі жағы қызарғанша пісіреміз. Суытып, ұсынамыз.

ҚЫЗЫЛШАДАН ВАФЛИ

Құрамы: 1 орташа пісірілген қызылша, 1 жұмыртқа, 50 мл.сүт, болмаса, 2-3 ас қасық айран, 4-5 ас қасық ұн, айран қоссаңыз 3-4 ас қасық, 1/2 шәй қасық қопсытқыш.



Дайындалуы:

Барлығын блендердің ыдысына салып, біркелкі массаға айналдырамыз. Қызып тұрған вафельницаға массамызды 3 ас қасықтан құйып, дайын болғанша пісіреміз. Қаймақ немесе йогуртпен ұсынғанда өте дәмді болады. Жобамен 7-8 айдан асқан балаларға арналған ас мәзірі болып саналады. Баланың көкөністі өзідінен жемесе, осы нұсқаны қолданыңыз. Ұсынарда балаға қолайлы мөлшерде ұсақтап тураңыз.

БАУЫРДАН СУФЛЕ

Құрамы: 150 грамм сиырдың бауыры, 50 грамм орташа көлемдегі сәбіз, 1 жұмыртқа, 2 ас қасық таза су, шым-шым тұз. Тұзды балалар тамақтануында әдетте тек 1 жастан асқан балаларға қолдануға болады.



Дайындалуы:

Сәбізді ашып, үккіштен өткіземіз. Бауырдың сыртын тазалап, жуып, төртбұрыштап тұраймыз. Блендердің ыдысына сәбізді, бауырды, жұмыртқаны салып, екі ас қасық су құйып, біркелкі массаға айналдырамыз. Дайын массаны силиконды формаларға құйып, буда 40-45 минут пісіреміз. Жұмсақ әрі пайдалы суфле дайын. Бауыр темірге бай өнім болғандықтан темір ағзаға сіңуі үшін С витаминіне бай тағаммен қосып ұсынаңыз. 9 айдан асқан балаңызға ұсынған абзал.

ТОЙЫМДЫ СЫРНИКТЕР

Құрамы: 180 грамм сүзбе, 1 жұмыртқаның сарысы, қалауыңызша мейіз, 1 ас қасық бал. Бал әсіресе 1 жастан асқан балаларға болады. 2 ас қасық күріш ұны. Сырниктерді ауатып пішінге келтіру үшін бөлек 1 ас қасық күріш ұны керек. ГХИ майы.

Дайындалуы:

Барлық құрамды ыдысқа салып, шанышқымен араластырамыз. Дайын массадан дөңгелек



пішіндер жасап, тарелкадағы ұнға малып, қасықпен аздап басып, стаканмен формасын келтіріп аламыз. Дайын сырниктерді ГХИ майы жағылған табаға баяу отта, екі жағы қызарғанша пісіреміз. Бұл құрамнан 5 сырник дайын болады. Сізге көп керек болса, құрамын 2-3есеге көбейтсеңіз болады.

КӨКӨНІСТЕР МЕН ІРІМШІК ҚОСЫЛҒАН ОМЛЕТ

Құрамы: 3 жұмыртқа, 3 ас қасық сүт, брокколидің 3 бұтағы, 1/2 қызанақ, 20-30 грамм ірімшік, ГХИ майы.



Дайындалуы:

Алдымен ұлы заттардан тазарту үшін брокколиді 3-5 минут тұз салынған қайнаған суға пісіріп алу керек. Брокколи мен қызанақты ұсақтап турап, барлығын араластырамыз. ГХИ майы салынған қызып тұрған табаға массаны құйып, бетіне үккіштен өткізілген ірімшікті себеміз.

БАЛАҒА ІРІМШІК САТЫП АЛАРДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК?

-1 жасқа дейінгі балаға тұзы аз және жұмсақ ірімшікті таңдауға тырысыңыз. Мысалы, «Natura», «Моцарелла Bonfetto», «Galbani», «Сулугуни»б «Рикотта», «Адыгей» ірімшік түрлерінің қоспасы балалар үшін пайдалы. Егер қоспаларсыз ірімшік таңдасаңыз, тіптен жақсы. Қатты және жартылай қатты ірімшіктерді балаға 1 жастан кейін берген дұрыс, себебі тұзды болады.

Балаға беруге тыйым салынады:

- Балқытылған ірімшік
- Қақталған ірімшік
- Ащы, дәмдеуіш қосылған ірімшік

Ірімшіктің құрамы қандай болуы керек?

- Қалпына келтірілген немесе пастерленген сүт
- Сүтқышқылды микроорганизмдердің ашытқысы

Ірімшіктің құрамындағы қауіпсіз қоспалар:

- Тұз
- Лимон қышқылы
- Тағамдық бояғышы
- Кальций хлориді
- Ірімшіктің құрамында болуы мүмкін қауіпті қоспалар:
- Калий нитраты(Е252)-консервант
- Тартразин бояғышы (Е102)
- Қант
- Дәмдеуіштер
- Калий ферроцианидi (Е536)
- Натрий нитраты (Е251)

ЖАСЫМЫҚ (чечевица) ҚҰЙМАҚТАРЫ

Құрамы: 200 грамм қызыл жасымық, 200 мл.таза су, 1/2 шәй қасық тұз.

Дайындалуы:

Жасымықты түнде алдын ала суға салып қоямыз. Барлық құрамды блендердің ыдысына салып, біркелкі массаға айналдырамыз. Қызып



тұрған табаға массаны құйып, майсыз, баяу отта, екі жағын 5-6 минутта пісіреміз. Бұл құрамнан 5-6 құймақ шығады. Сүзбелі ірімшікті жағып ұсынсаңыз өте дәмді болады. Темір мен белокқа, В1 витамині мен аминокышқылдарға бай жасымықтан жасалған құймақты отбасы мүшелеріне ұсынып көріңіз. Әсіресе, таңғы аста өте тойымды әрі дәмді.

БАЛАЛАРДЫ ҚҰНАРЛЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ ТАМАҚТАНДЫРУ ҮШІН:

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС:

- Таңғы астың 60%-ы пайдалы майлардан, 20-40%-ы ақуыздан және 20%-ы күрделі көмір-судан тұруы қажет.

• Барлық жидектерді 4-ке бөлеміз, жаңғақты үгітіп немесе паста түрінде береміз, жидек пен жаңғақты 3-4 жасқа дейін тұтастай беру қауіпті. Кішкентай балаға алма, сәбіз сынды қатты тағамдарды тұтастай бермей, үккіштен өткізіп беріңіз.

• Балаңызда темір жетіспеушілігі болмасын десеңіз, қосымша тағам бергенде рационға темірге бай өнімдерді қосыңыз. Адам ағзасына оңай сіңетін темірге бай өнімдер-бұл қазір суперфуд аталып кеткен субөнімдер. Әсіресе, сиыр мен үй тауығының бауыры мен сиырдың тілі. Бұл өнімдерді бала рационна басқа тағамдарға бала асқазаны үйреніп бастаған соң 8-9 айдан ұсынуға болады. Темір мен цинкке, ағзаға қажетті микроэлементтерге өте бай. Балаңыз оны жемесе, одан олады, кекс, паштет етіп жасап беруге болады.

• Сиырдың тілі (субпродукт) етке қарағанда консистенциясы нәзік, шайнауға оңай әрі микроэлементке бай. Субөнімдерді аптасына 1-2 рет берсеңіз болады. Сиырдың тілін жақсылап жуып, кастрюльге тіл батып тұратындай су құйып, қақпағын жауып, астың қатты отта қайнатамыз. Қайнаған соң көбігі шықса алып тастаймыз. Баяу отқа ауыстырып, 3-3,5 сағат пісіреміз. Пісерге бір сағат қалғанда дәм беру үшін ашылған тұтас сәбіз бен пиязды салып пісірсеңіз болады . Піскен соң көкөністерді алып тастаймыз. Тілді піскеннен кейін сорпасынан шығарып, суытып, тоңазытқышта беті жабылған ыдыста немесе таза целлофанда 2-3 күн сақтаймыз. 1 жастан асқан балаға тұз, дәмдеуіш қосып пісіруге болады.

БАУЫРДАН ОЛАДЫ

Құрамы: 700 грамм сиырдың бауыры, 1 жұмыртқа, 1 орташа пияз, 2 сарымсақ түйрі, 4 ас қасық глютенсіз күріш ұны, 1 шай қасық тұз, ГХИ немесе зәйтүн майы.



Дайындалуы:

Сиырдың бауыры анемиясы бар балалар үшін таптырмас өнім. Құрамында темір көп, А және В тобының витаминдеріне бай. Сондай-ақ мырыш, мыс, басқа да минералдарға бай. Өзірлеу үшін алдымен бауырдың сыртын тазалап, жуып, ұсақ бөліктерге тұраймыз. Пияз бен сарымсақты ашып, жуып, бөліктерге бөлеміз. Пияз бен сарымсақты, туралған бауырдың жартысын блендерге салып, біркелкі массаға айналдырамыз. Дайын массаны ыдысқа құйып аламыз. Содан кейін тағы да блендерге қалған бауыр мен жұмыртқаны салып, оны да біркелкі массаға айналдырамыз. Екі массаны біріктіреміз. Ыдыстағы массамызға тұз бен ұнды салып, жақсылап араластырамыз. Табаға май құйып, баяу отта қыздырамыз. Қызып тұрған табаға 1,5 ас қасықтан оладыиді құйып, екі жағын үш-төрт минуттан пісіреміз. Оладыиді суытып баламызға ұсынамыз. Темірге бай өнім болғандықтан, құрамындағы темір ағзаға дұрыс сіңуі үшін С витаминіне бай өнімдермен қосып бергеніңіз дұрыс. Айта кетейік, бұл тағам түрін ұсынарда сүт өнімдері мен шәйді қолданбау қажет. Өйткені тағамның құрамындағы темір сіңбейді.

ЙОГУРТТЫ ҚҰЙМАҚТАР

Құрамы: 1 стакан йогурт, 1 стакан күріш ұны, 1 жұмыртқа, 1 ас қасық қопсытқыш, бал.

Дайындалуы:



Йогурт пен жұмыртқа бөлме температурасында болуы керек. Алдымен жұмыртқа мен ванильді ыдысқа салып, араластырамыз. Оған йогуртты салып, тағы да араластырамыз. Күріш ұнына қопсытқыш пен майды араластырамыз. Қызып тұрған табаға екі жағын теңдей баяу отта пісіреміз. Дайын құймақтарды жидекпен, немесе балмен ұсынамыз. Йогуртты кефирмен алмастыруға болады. Сары май, үй балмұздағы болмаса қаймақпен ұсынсаңыз дәмді болады.

Астарыңыз дәмді болсын!